Таблица 1 – Показатели заболеваемости коров в различные сроки лактации (n=150).

№ п/п	Периоды лактации, месяц	Количество голов	Название болезни	Положительно реагирующие животные	
				кол-во голов	%
1.	2	150	Субклинический мастит	10	6,7
2.	4			11	7,3
3.	6			10	6,7

Из таблицы 1 вытекает, что у 10 коров во втором периоде лактации были выявлены субклинический мастит, составившие 6,7% ,а в четвертом месяце лактации у 11 голов – 7,3% и на шестом месяце лактации у 10 коров, что составило 6,7%.

В дальнейшем данные животные в разрезе групп были взяты в эксперимент для изучения физико-химических показателей проб молока коров в различные сроки лактации.

Одним из факторов, влияющих на вкус и запах молока, является период лактации. Свойства молока как целостной физико-химической системы формируются свойствами его компонентов.

Ниже приведены данные по исследованию проб молока при субклинической форме мастита у коров (табл.2).



Рисунок 1 – Динамика заболеваемости коров субклиническим маститом в разные периоды лактации

Таблица 2 – Физико-химические показатели проб молока при субклинической форме мастита коров (M±m) (n=40)

№	Физико-химические показатели	Контрольная группа	Периоды лактации (2-й месяц)	Периоды лактации (4-й месяц)	Периоды лактации (6-й месяц)
1.	Белок, %	3,50±0,30	3,45±0,25	3,40±0,50	3,35±0,30
2.	Казеин, %	4,02±1,34	3,90±1,20	3,90±0,1,15	3,85±1,10
3.	Сыворотка белка, г	0,65 ±0,14	0,70±0,15	0,75±0,18	0,80±0,20
4.	Жирность, %	4,30 ±0,30	3,90±0,50	3,80±0,40	3,70±0,30
5.	Лактоза, %	4,7± 0,11	4,60±0,10	4,55±0,08	4,50±0,10
6.	Рн	6,61 ±1,91	6,10±0,05	6,55±0,02	6,25±0,20
7.	Сухое вещество, %	13,30±1,45	10,70±0,90	11,50±1,20	12,40±1,30
8.	Титруемая кислотность, ° Т	16,0±1,25	15,50±1,15	15,30±1,10	15,0±0,95
9.	Соматические клетки тыс./мл	400±2,50	275,35±2,50	390,60±2,55	425,45±2,70
10.	Каталаза, ед.	105±2,30	114,75±2,50	115,50±2,63	116,60±2,71
11.	Плотность, г/м3	1,027±0,08	1,026±0,09	1,021±0,06	1,022±0,05
12.	Энергетическая питательность, кДж	300±5,10	285,13±5,10	295,10±5,15	300,11±5,20
13.	Органолептические показатели	Цвет – белый со слабо-жёлтым оттенком, вкус - сладковато-солонватый	Цвет – желтоватый, вкус - сладковатый	Цвет – желтоватый, вкус – солёный, густой	Цвет – жёлтый, вкус – горький, густой

P>0,95

Из анализа таблицы 2 видно, что в сравнении с показателями проб молока здоровых коров у больных субклиническим маститом процент жирности и содержание белка в молоке были снижены на 14,0 и 4,3% . Отмечено снижение содержания сухого вещества у больных животных на шестой месяц лактации по сравнению с контролем на 6,8%. Снижение кислотности у больных животных на 1,3°Т обусловлено уменьшением количества казеина на 4,2% и лактозы на 4,3 %. В то же время наблюдалось повышение содержания сыворотки белка на 23,3%, а также количество соматических клеток в пробах молока коров по сравнению с контрольной группой животных увеличена на 6,4%, что указывает на субклинический мастит. Следовательно субклинический мастит способствует снижению качества молока.

На основании проведенных исследований можно заключить, что при субклиническом мастите молоко не имеет видимых изменений, отличается от молока здоровых коров только по химическому составу и физическим свойствам. Эти изменения обусловлены вследствие протекающих в молочной железе воспалительных процессов под влиянием энтеротоксинов, молоко коров изменяет свои физико-химические показатели. Также снижается пищевая ценность молока и наряду с этим энтеротоксины накапливаясь в молочных продуктах представляют опасность для здоровья людей, вызывая у них расстройства функции желудочно-кишечного тракта.

Выводы. 1. Установлено, что при исследовании коров на субклинический мастит диагностическим маститным тестом на втором месяце лактации выявлено 10 голов (6,7%) , на четвертом и шестом месяцах – 11 и 10 голов, что составило 7,3% и 6,7% соответственно.

2. У коров больных субклинической формой мастита на шестой месяц лактации выявлено снижение процента жирности и содержания белка в молоке на 14% и 4,3%, сухого вещества на 6,8%, снижение кислотности на 1,3 °Т, казеина на 4,2% и лактозы на 4,3%, в то же время увеличение сыворотки белка на 23,3% и содержание количества соматических клеток на 6,4%.

Информация о финансировании. Работа была выполнена по зарегистрированной инициативной теме: «Разработка эффективных биологически активных препаратов для лечения болезней половых органов и молочных желез коров», № гос.регистрации 0118РКИ0594, срок выполнения 2018-2021 гг. Научный руководитель д.в.н, профессор Абдрахманов Т.Ж.

Благодарность. Выражаю благодарность коллективам лабораторий кафедр «Ветеринарная медицина» и «Ветеринарная санитария» за оказанную помощь в организации и проведении исследования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назаров М. В. Диагностика, лечение и профилактика патологии молочной железы у сельскохозяйственных животных: учеб.пособие/ М. В. Назаров, Б. В. Гаврилов, И. В., Коваль и др. – Краснодар: КубГАУ, 2019.-97с.

2. Гунькова П. И., Павлов М. С., Скопичев В. Г. «Взаимосвязь между микробной обсемененностью, составом коровьего молока, выходом и качеством получаемых из него белковых продуктов» // «Вопросы нормативно-правового регулирования в ветеринарии». - 2015. № 3. С. 27.

3. Комаров В.Ю. «Новые способы и средства диагностики, терапии и профилактики мастита у коров». // Вестник ОГАУ. 2015. № 5. – С. 82-86.

4. Борхолоева А.В. Профилактика и лечение коров при субклиническом мастите озонированным молоком/А.В.Борхолоева, Л.А.Очирова, А.Б. Будаева // Ветеринария. – 2017. – № 3. – С.43-46.

5. Черненко В.В., Ткачев М.А., Черненко Ю.Н. «Эффективность разных методов диагностики мастита у коров». // Вестник Брянской государственной сельскохозяйственной Академии. 2019. С. 15-18.

6. Лаушкина Н.Н., Скребнев А.А. «Методы диагностики субклинического мастита коров в лактационный период в условиях молочного комплекса». // «Вестник аграрной науки». Журнал. 6 (87). Декабрь, 2020 г.

7. Халипаев М.Г., Сакидибиров О.П. «Диагностика и лечение субклинического мастита у коров». // «Проблемы развития АПК региона». Журнал. 2019, №3 (39), с.202-206.

8. Нийонгабо Х., Шунаева А. В., Гаврилов Б. В. «Сравнительный анализ методов раннего выявления субклинического мастита у коров». // Сборник статей по материалам 76-й научно-практической конференции студентов по итогам НИР за 2020г. Краснодар, 2020г.
9. Исаева В.А., Никонов А.А., Куртеков В.А. «Сравнительная характеристика экспресс-тестов для диагностики субклинического мастита у коров».// «Интеграция науки и практики для развития агропромышленного комплекса». Журнал. Материалы 2-й национальной научно-практической конференции 2019г. С.156-160.
10. Полянцев Н. И. Ветеринарное акушерство, гинекология и биотехника размножения. СПб: Лань, 2015. 480с.: ил.
11. Фурманов И.Л., Бреславец В.М. «Диагностика субклинического мастита у лактирующих коров в условиях производства физико-химическим и цитологическим методами». // «Успехи современной науки». Журнал. 2016, №11, том 10. С. 145-148.
12. Гашимова А.А., Казанцева Е.С., Мещерякова Г.В., Шакирова С.С. «Влияние заболевания коров маститом на качество молока». // «Молодежь и наука» журнал. 2018г, №8.
13. Pamela R.F. Adkins, PhD, John R Middleton. «Methods for Diagnosing Mastitis».// «Veterinary Clinics of North America: Food Animal Practice». Journal. 2018 November, 34 (3): 479-491.
14. Раповая Ю.П., Фурманов И.Л. Сравнительная оценка способов диагностики субклинического мастита у коров в условиях производства: Материалы международной студенческой научной конференции. // Белгород: Изд-во Бел-ГСХА. 2015. С. 59.
15. Amine A., Malika B. Evaluation of methods for early diagnosis of subclinical mastitis in dairy cattle farms in West Algerian // Advances in Environmental Biology. 2016. Т. 10. №5. С. 73 – 82.
16. Karien Griffioen, Annet G.J. Velthuis, Lotte A.Lagerwerf, Annet E.Heuvelink, Theo J.G.M.Lam. «Agreement between four commercial diagnostic tests and routine bacteriological culture of milk to determine the udder infection status of dairy cows».// «Preventive Veterinary Medicine». Journal. 2018, September, Volume 157 p 162-173.
17. Honghong Hu, Zhou Fang, Tong Mu, Zhong Wang, Yun Ma, Yanfen Ma. «Application of Metabolomics in Diagnosis of Cow Mastitis: A Review».// Journal «Frontiers in Veterinary Science». 2021, October, Volume 8.
18. Артеменко А.П. «Требования, предъявляемые к качеству сырого молока»/ А.П. Артеменко, А.А. Баранова, А.И. Харькова. // Электронный научно-популярный журнал «Novalinfo.ru». 2016. – Т. 46. – С.43-46.
19. Т.Ж.Абдрахманов, Ж.С. Бакишева, Б. Болат, Т.Г. Бакишев. «Сиырлардың және саулықтардың желінсауын анықтау тәсілі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Өнертабысқа Инновациялық патент №31174. Астана, 2016.
20. Балджи Ю.А., Рахимжанова Д.Т., Мустафина Р., Карпыкбаева Г., Абдрахманов Т.Ж., Садауова М. Способ определения безопасности молока. Патент на полезную модель. Рег.номер 2019/0814.2. г.Нур-Султан, 2020 г.

REFERENCES

1. Nazarov M. V. Diagnostika, lechenie i profilaktika patologii molochnoj zhelezy u sel'skohozyajstvennyh zhivotnyh: ucheb. posobie/ M. V. Nazarov, B. V. Gavrillov, I. V., Koval' i dr. – Krasnodar: KubGAU, 2019.-97s.
2. Gun'kova P. I., Pavlov M. S., Skopichev V. G. «Vzaimosvyaz' mezhdru mikrobnouj obsemennost'yu, sostavom korov'ego moloka, vyhodom i kachestvom poluchaemyh iz nego belkovyh produktov» // «Voprosy normativno-pravovogo regulirovaniya v veterinarii». - 2015. № 3. S. 27.
3. Komarov V.YU. «Novye sposoby i sredstva diagnostiki, terapii i profilaktiki mastita u korov». // Vestnik OGAU. 2015. № 5. – S. 82-86.
4. Borholeeva A.V. Profilaktika i lechenie korov pri subklinicheskom mastite ozonirovannym molokom/A.V.Borholeeva, L.A.Ochirova, A.B. Budaeva // Veterinariya. – 2017. – № 3. – S.43-46.
5. Chernenok V.V., Tkachev M.A., Chernenok YU.N. «Effektivnost' raznyh metodov diagnostiki mastita u korov». // Vestnik Bryanskoj gosudarstvennoj sel'skohozyajstvennoj Akademii. 2019. S. 15-18.
6. Laushkina N.N., Skrebnev A.A. «Metody diagnostiki subklinicheskogo mastita korov v laktacionnyj period v usloviyah molochnoho kompleksa». // «Vestnik agrarnoj nauki». ZHurnal. 6 (87). Dekabr', 2020 g.

7. Halipaev M.G., Sakidibirov O.P. «Diagnostika i lechenie subklinicheskogo mastita u korov». // «Problemy razvitiya APK regiona». ZHurnal. 2019, №3 (39), s.202-206.
8. Nijongabo H., SHunaeva A. V., Gavrilov B. V. «Sravnitel'nyj analiz metodov rannego vyyavleniya subklinicheskogo mastita u korov». // Sbornik statej po materialam 76-j nauchno-prakticheskoy konferencii studentov po itogam NIR za 2020g. Krasnodar, 2020g.
9. Isaeva V.A., Nikonov A.A., Kurtekov V.A. «Sravnitel'naya harakteristika ekspress-testov dlya diagnostiki subklinicheskogo mastita u korov». // «Integraciya nauki i praktiki dlya razvitiya agropromyshlennogo kompleksa». ZHurnal. Materialy 2-j nacional'noj nauchno-prakticheskoy konferencii 2019g. S.156-160.
10. Polyancev N. I. Veterinarnoe akusherstvo, ginekologiya i biotekhnika razmnozheniya. SPb: Lan', 2015. 480s.: il.
11. Furmanov I.L., Breslavец V.M. «Diagnostika subklinicheskogo mastita u laktiruyushchih korov v usloviyah proizvodstva fiziko-himicheskimi i citologicheskimi metodami». // «Uspekhi sovremennoj nauki». ZHurnal. 2016, №11, tom 10. S. 145-148.
12. Gashimova A.A., Kazanceva E.S., Meshcheryakova G.V., SHakirova S.S. «Vliyanie zabolevaniya korov mastitom na kachestvo moloka». // «Molodezh' i nauka» zhurnal. 2018g, №8.
13. Rapovaya YU.P., Furmanov I.L. Sravnitel'naya ocenka sposobov diagnostiki subklinicheskogo mastita u korov v usloviyah proizvodstva: Materialy mezhdunarodnoj studencheskoj nauchnoj konferencii. // Belgorod: Izd-vo Bel-GSKHA. 2015. S. 59.
14. 19 T.ZH. Abdrahmanov, ZH.S. Bakisheva, B. Bolat, T.G. Bakishev. «Siyrlardyt zhane saulyktardyt zhelinsauyn anyktau tasili». Kazakstan Respublikasy Adilet ministriligi Onertabyska Innovaciyaluk patent №31174. Astana, 2016.
15. Baldzhi YU.A., Rahimzhanova D.T., Mustafina R., Karpykbaeva G., Abdrahmanov T.ZH., Sadauova M. Sposob opredeleniya bszopasnosti moloka. Patent na poleznuyu model'. Reg.nomer 2019/0814.2. g.Nur-Sultan, 2020 g.

ТҮЙІН

Мақалада әртүрлі лактация кезеңіндегі субклиникалық маститпен ауыратын сиырлардың сүтінің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу туралы деректер келтірілген. Шаруашылықтағы сиырларды лактацияның әртүрлі кезеңдерінде диагностикалық мастит сынамасы арқылы субклиникалық маститке зерттеу кейінірек тәжірибеге алынған ауру жануарларды анықтауға мүмкіндік берді. Эксперименттік деректер Ekomilk Total сүт анализаторын қолдану негізінде сүттің рН, май құрамы, ақуыз құрамы, тығыздығы, лактозаның деңгейін, сонымен қатар Ekomilk АВМ-1- қолдану негізінде соматикалық жасушалардың санын анықтау арқылы алынды. 03 және Маститон индикаторы (Ресей). Алынған мәліметтерді талдау субклиникалық мастит сүттің сапасын нашарлататыны анықталды, бұл оның физикалық-химиялық көрсеткіштерінің төмендеуімен расталады, мысалы: майдың және ақуыздың пайызы, құрғақ зат, қышқылдық, казеин және лактоза. Сонымен қатар, ауру қан сарысуының мазмұнын және соматикалық жасушалардың санын арттырады. Сүт өнімдерінің субклиникалық маститке байланысты сапасының нашарлауы адам денсаулығына қауіп төндіреді, олардың асқазан-ішек жолдарының жұмысында бұзылулар тудырады.

SUMMARY

The article presents data on the study of the physicochemical properties of milk from cows with subclinical mastitis at various lactation periods. The study of cows on the farm for subclinical mastitis with a diagnostic mastitis test in different periods of lactation made it possible to identify sick animals later taken into the experiment. Experimental data were obtained based on the use of the Ekomilk Total milk analyzer with the determination of milk pH, fat content, protein content, density, lactose level, as well as the number of somatic cells based on the use of Ekomilk АВМ-1-03 and Mastiton indicator (Russia). The analysis of the obtained data revealed that subclinical mastitis worsens the quality of milk, which is confirmed by a decrease in its physical and chemical parameters, such as: percentage of fat content and protein content, dry matter, acidity, casein and lactose. At the same time, the disease causes an increase in serum content and the number of somatic cells. The deterioration of the quality of dairy products due to subclinical mastitis poses a danger to human health, causing them to have disorders in the function of the gastrointestinal tract.

Жумагелдиев Акылбек Амиркулович, ветеринария ғылымдарының кандидаты, **негізгі автор**, <https://orcid.org/0000-0002-1106-8885>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Абай даңғылы, 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, akilbek.zhumageldiev@kaznaru.edu.kz

Қазтаева Бота, ветеринария ғылымдарының магистрі, <https://orcid.org/0000-0002-6852-5888>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Абай даңғылы, 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, Bota.www.kz@mail.ru

Тұрдық Еламан, ветеринария ғылымдарының магистрі, <https://orcid.org/0000-0002-5284-8586>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Абай даңғылы, 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, aman.ermanov.96@bk.ru

Қауымбаева Мөлдір, магистрант, <https://orcid.org/0000-0003-3092-9294>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Абай даңғылы, 8, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, Mksh02@mail.ru

Zhumageldiyev Akylbek, Candidate of Veterinary Sciences, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0002-1106-8885>

Kazakh National Agrarian Research University, Abay Ave. 8, Almaty Republic of Kazakhstan, akilbek.zhumageldiev@kaznaru.edu.kz

Kaztayeva Bota, master of Veterinary Sciences, <https://orcid.org/0000-0002-6852-5888>

Kazakh National Agrarian Research University, Abay Ave. 8, Almaty Republic of Kazakhstan, Bota.www.kz@mail.ru

Turdyq Elaman, assistant, <https://orcid.org/0000-0002-5284-8586>

Kazakh National Agrarian Research University, Abay Ave. 8, Almaty Republic of Kazakhstan, aman.ermanov.96@bk.ru

Kauymbaeva Moldir, Postgraduate, <https://orcid.org/0000-0003-3092-9294>

Kazakh National Agrarian Research University, Abay Ave. 8, Almaty Republic of Kazakhstan, Mksh02@mail.ru

САЗ ҚҰНДЫЗЫ СОЙЫС ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН САПАСЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ САНИТАРЛЫҚ САРАПТАМАСЫ SAFETY, QUALITY AND VETERINARY-SANITARY INSPECTION OF THE SLAUGHTER PRODUCTS FROM NUTRIAS

Аннотация

Мемлекет шикізатты экспорттаумен қатар, шикізаттарды өңдеу арқылы сапалы өнім дайындауға көптеп көңіл бөлуде. Осыған сәйкес, халықты қауіпсіз, сапалы ет және ет өнімдерімен қамтамасыз ету барысында терісі бағалы жануарлар етінің сапасын, тағамдық құндылығын, қауіпсіздігін зертханада кешенді зерттеулер арқылы анықтау бүгінгі күннің өзекті де маңызды мәселесі болып отыр. Бүгінгі таңда, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі басым бағыт болып табылуда және ол арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуы қамтамасыз етіледі. Яғни, қосымша ет өнімдерін алуға мүмкіндіктер туындар еді.

Елімізде тағам қауіпсіздігі және ветеринарлық-санитарлық қағидалар жөнінде тиісті құжаттар қабылданған. Олар ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігін арттыру мәселесін зерттеуге және оның мүмкіндіктерін жоғарылату маңыздылығы жөнінен алдыңғы қатарда тұр. Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда бағалы терісі үшін арнайы өсірілетін саз құндызы сойыс жануарлары ретінде қарастырылмаған. Ауруларды болдырмау немесе ветеринарлық түрлі іс шараларды жүргізу есебінен олардың алдын-алу арқылы тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Еліміздегі көптеген шаруашылық субъектілерінде терісі пайдаға асырылғаннан соң, көптеген саз құндызы еті мен ішкі мүшелері жарамсыз деп табылып, есептен шығарылуда. Дегенмен, олар сол шаруашылықтарда тағам ретінде пайдаланылуда, сонымен қатар әуес ас ретінде сұранысқа ие болуда. Сондықтан, ғылыми-зерттеу жұмысымызда саз құндызы ұшасы

мен мүшелеріне ветеринарлық санитарлық сараптама жүргізіп, етінің сапасы мен қауіпсіздігі тексеріліп, тағамға жарамдылығы анықталды. Салыстыру ретінде үй қояны еті алынды.

ANNOTATION

In addition to the export of raw materials, the Government began to pay more attention to the processing of raw materials by manufacturing high-quality and safe products. According to this, the determination of the quality, nutritional value and safety of the meat from fur-bearing animals is a pressing challenge. Providing the population with safe, high-quality meat and meat products is carried out through comprehensive research in the specialized laboratories. Nowadays, the food security of the government is a priority, that ensures sustainable socio-economic development of the country. In this way, created opportunities to obtain additional meat products.

The country has adopted relevant instruments on food safety and the veterinary- sanitary rules. The safety of meat and meat products is in the forefront. According with the veterinary (veterinary and sanitary) rules, nutria is not classified as slaughter animals. By carrying out veterinary measures for the prevention and elimination of diseases, food safety is ensured.

In many economic entities, after the use of a valuable skin, nutria meat is recognized as unfit for human consumption and after destroyed. Nevertheless, in some farms, carcasses and internal organs are used as products, constitute a delicacy and are in demand. In this regard, in the research work, veterinary and sanitary examinations of carcasses and organs of nutria were carried out to determine the quality and safety of the meat. In a comparative aspect, rabbit meat was taken.

Түйін сөздер: *Саз құндызы еті, үй қояны еті, сапа, қауіпсіздік, химиялық құрамы, алмаспайтын аминқышқылдары.*

Key words: *Nutria (coypu) meat, rabbit meat, quality, safety, chemical composition, essential amino acids.*

Кіріспе. Қазіргі кездегі қолданыстағы ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда сойыс жануарлары ретінде сазқұндызы қарастырылмаған. Бағалы терісі үшін кәсіби ауланатын саз құндызы етін аңшылар мен саятшылар таңсық ас ретінде көптеп қолдануда, оларды арнайы көбейту үшін қолда өсіретін саз құндызы шаруашылығы субъектілерінде олардың еті молымен пайдаланылуда. Ал, қолданыстағы ережелерде саз құндызы ұшасы мен мүшелерінің ветеринарлық санитарлық сараптамасы, етінің сапасы мен қауіпсіздігі және пайдалану мүмкіндіктері жөнінде мәліметтер келтірілмеген. Сондықтан, саз құндызы етінің тағамдық құндылығын анықтау және ветеринарлық санитарлық сараптама жүргізу тақырыбы кезек күттірмейтін және өзекті тақырып болып табылады.

Еліміздегі көптеген шаруашылық субъектілерінде бағалы терісі үшін мыңдаған саз құндыздары өсірілуде. Терісінің сапалы болуы үшін оларға сапалы азық, жақсы күтім жасалынаған. Ал, етін тұтыну, ішкі мүшелерін пайдалану барысы жөнінде мәліметтер өте аз. Оның басты себебі саз құндызы етінің сапалық көрсеткіштері, қауіпсіздігі жан-жақты кешенді түрде зерттелінбеген және тұтынушылардың тағам ретінде пайдалануы өте аз деңгейде.

Елімізде бағалы терісі үшін өсірілетін және кәсіби ауланатын әрбір саз құндызы табиғи жағдайда 8-10 жылдай тіршілік етеді. Дене тұрқы 60 см төңірегінде, құйрығының ұзындығы 45 см-дей, салмағы 8 кг-дай, 2,5 – 4 кг дейін жұқа талшықты, нәзік, шырынды және хош иісті ет алынады. Ғылыми мәліметтер бойынша, шетелдері әдебиеттерінде саз құндызы етінен суық және ыстық тағамдар, сорпа, сондай-ақ қайнатылған, бұқтырылған, пісірілген және қуырылған етінен қосымша түрлі тағамдар дайындауға болатындығы жазылған [1].

Зерттеу әдістері мен материалдары. Ғылыми зерттеу жұмыстары Жамбыл облысы, Меркі ауданы Ақермен елді мекені «Millionaire01» шаруашылық субъектінде өсірілетін саз құндызы етінің химиялық құрамы, алмаспайтын аминқышқылдары мен минералды заттарының мөлшері және физикалық, химиялық көрсеткіштері анықталып, ветеринариялық санитариялық сараптау жүргізілді.

Зерттеулер Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Ветеринариялық-санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасы «Жануарлар өнімдерінің қауіпсіздігі, сапасы және ветеринариялық санитариялық сараптау» зертханасында, сонымен қатар Қазақстан–Жапон инновациялық орталығы «Экология және азық-түлік қауіпсіздігі» зертханасында,

сонымен қатар «Нутритест» зертханасында бағалы терісі үшін сойылған саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен сынамалар алынып, етінің химиялық құрамы және аминқышқылдарының мөлшері анықталды [2]. Бұл жұмыстар «Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов» әдістемелік ұсынысы [3] бойынша жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Мемлекетіміздегі кәсіпкерлікті дамыту жөнінде жүргізілген іс-шаралар бағалы терісі үшін өсірілетін кемірушілер тұқымдасының өкілі – саз құндызын (*Myocastor coypus*) шаруашылық субъектілерінде өсіріп-бағуға тың серпін берді. Соңғы уақыттарды олардың терісі ғана емес етін тағам ретінде пайдалану өріс алуда. Жүнінің қылшығы ұзын, қоңыр түсті, саз құндызы өзен жағалаулары мен батпақты жерлерде тіршілік етеді. Су өсімдіктерінің (қамыс, қоға, тұңғиық, сужаңғақ, т.б.) бұтақтары және тамырларымен, моллюскалармен қоректенеді [4].

Тексеруге әкелінген саз құндызының ашық-қызыл түсті өкпесі - нығыз, кесілген жерінде табиғи түсі сақталған, үшкір жиекті. Жүрек қабы түссіз, ал, миокард ашық қоңыр түсті, эндокард қуысында аздаған қан ұйындысы кездесті. Бауыр қоңыр қызыл түсті, тығыз, тілік беті қалыпты күйінен ауытқымаған, өт қапшығында сарғыш-сұр түсті өт бар екендігі белгілі болды. Көкшіл сұр түсті көк бауыры - тығыз. Тілік бетінде қыртысты және бозғылт қабаттары анық көрінетін қызғылт-қоңыр түсті бүйрек сыртында аздаған май байқалады. Кесіндіде бүйрек түбегінің суреті сақталған, сұр түсті, нығыз. Терінің шел майы жоқ, ішектер босаған, ашы ішек сарғыш, тоқ ішек сұрғылт. Нығыз, серпімді, саусақпен басқанда пайда болған ойық лезде қалпына келеді. Бұлшықет ұлпасының беткейінен және сүйекке жақын бөлігінен сезімдік көрсеткіштері тексерілді, өзіндік иісті. Ақшыл-сары түсті сіңірлері мен тарамыстары серпімді [5].

Қаңқада орналасқан сүйектер, қырлы омыртқа, қабырғалары мен шонданай басы жақсы байқалады. Жамбас сүйегінің кемігі майлы, жұмсақ, қоңырқай-қызғылт түсті. Буындарындағы сұйықтық мөлдір, түссіз. Яғни, саз құндызы ішкі мүшелері қалыпты жағдайдан ауытқымаған. Жалпы, ет және ет өнімдері адам тағамының негізгі бөлігі болып табылады және керекті нәруызды осылай ала алады.

Әрбіріміздің атқаратын қызметімізге, жасымызға, физиологиялық және т.б. жағдайларға байланысты күнделікті нәруызға деген сұраныс жүз он және жүз алпыс бес граммды құраса, оның жартысынан көп бөлігі жануарлардан алынуы керек.

Жануарлардан алынған өнімдердің тамақ ретіндегі құнарлылығы, сапасы және ағзадағы жүретін үдерістерге орай олардың қорытылғандығы мен сіңуі – өнім құрамына байланысты. Сондықтан, тексеруге әкелінген саз құндызы етінің химиялық құрамы анықталды [6].

Организмнің жетілуі мүшелер мен тіндердің қызметіне, ферменттер мен гормондардың құрылғысы болған нәруыз ағзадағы химиялық және органикалық заттарды жеткізу, сақтау және қуат бастауы болып саналатындықтан, ғылыми зерттеу жұмысы оның мөлшерін анықтау арқылы жүргізілді [7]. Тексеру жұмысының нәтижесі бойынша саз құндызынан алынған сынамалар құрамындағы нәруыз мөлшері 20,92 пайыз болып шыққандығы белгілі болды. Ал, салыстырмалы түрде үй қояны ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы нәруыз мөлшері 18,97 г/100 г болды. Яғни, саз құндызы ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы нәруыз үй қояны ұшасынан алынған нәруыз мөлшерінен 9,3 % жоғары болып шықты.

Етке хош иіс пен дәм бере отырып, дәнекер ұлпаларының қабықшаларында қор ретінде жиналатын май бұлшықеттің төзімділігін жоғарылатаып, соғылу немесе ұрылғандағы келтірілетін зақымдардан қорғайды [8]. Ғылыми зерттеу жұмыстарының барысында саз құндызы ұшасынан алынған сынамалар құрамынан алынған май мөлшері 8,31 г/100г болып шықты. Ал, сойыс жануары болып табылатын үй қоянынан алынған сынамалардағы бұл мөлшер 4,69 г/100г екендігі белгілі болды. 1-кестеден көріп отырғанымыздай, саз құндызы ұшасының құрамындағы май мөлшері үй қояны құрамындағы мөлшерден екі еседей көп екендігі белгілі болды.

1-кестеде көрсетілгендей, ұлпалардағы осмостық қысымның және торша элементтерінің абсорбциясына қатынасатын ылғал өнімнің құнарлылығына, сапасына, қауіпсіздігіне және т.б. молынан әсер етеді [9]. Тәжірибелік жұмысы барысында белгілі болғандай, саз құндызынан алынған сынамалар құрамындағы ылғал мөлшері 69,81 г/100 г болса, үй қояны ұшасының құрамында бұл мөлшер 73,74 г/100 г болғандығы белгілі. Саз құндызынан алынған сынамалар құрамындағы ылғал мөлшері үй қояны ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы ылғалдан 5,6 % көп болғандығы анықталды.

Күлдендіру арқылы анықталатын ет және ет өнімдерінің құрамындағы минералды органикалық заттар муфель пешінде жағудан қалған заттың минералды бөлігі. Біздің

зерттеуіміздің нәтижесі бойынша, саз құндызы ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы күл мөлшері 0,96 г/100 г болса, сойыс жануары болып табылатын үй қоянынан алынған сынамалардағы бұл мөлшер 1,68 г/100 г болғандығын 1-кестеден байқадық. Яғни, саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамындағы күл мөлшері үй қояны сойыс өнімдерінен алынған күл мөлшерінен 75,0 % төмен болды.

Кесте 1 – Саз құндызы мен үй қояны етінің химиялық құрамының салыстырмалы көрсеткіштері, г/100г есебімен (n=3)

Көрсеткіштер	Нәруыз	Май	Ылғал	Күл	Энергетикалық қуаттылығы ккал/100г
Саз құндызы	20,92±0,5	8,31±0,3	69,81±0,5	0,96±0,06	159,0
Үй қояны	19,89±0,17	4,69±0,13	73,74±0,70	1,68±0,04	121,3

Организмдегі жүретін физиологиялық үдерістер барысында азықтан қорыту барысында пайда болатын энергетикалық қуаттылыққа деген қажеттілік адамның физиологиялық жағдайына, жас мөлшеріне, салмағына, істейтін жұмысына байланысты күніне 2849-20874 кДж төңірегінде болуы ықтимал. Еттің түрі мен құрамына байланысты 100 г өнімде 147,5 тен 1662,5-ке дейін, әр түрлі энергиялық қуаттылықты көрсетеді [10]. Тексеру барысында анықталғандай, саз құндызы ұшасынан алынған 100г еттің энергетикалық қуаттылығы 159,0 ккал/100г болса, салыстыру үшін әкелінген үй қояны құрамындағы бұл мөлшер 121,3 ккал/100г көрсетті. Ол, саз құндызы сойыс өнімдерінің, үй қояны сойыс өнімдерімен салыстырғанда энергетикалық қуаттылығы 38 ккал/100 г жоғары екендігін анықтадық.

Тексеруге әкелінген саз құндызы сойыс өнімдерінің шығымы салыстырмалы түрде алғанда ірі қара малы мен шошқаға сойыс өнімдерінің шығымына қарағанда жоғары [11]. Яғни, саз құндызының морфологиялық құрылымы бойынша сүйектері 12-13%, ал шошқа мен ірі қара малда бұл көрсеткіш 18-20% құрайды. Ас қорыту мүшелерінің секрециясын ынталандыратын нәруызсыз азотты заттар мөлшері 4-5% құрады.

Саз құндызынан құс пен қоян етіне қарағанда тағамдық құнарлылығымен және диеталық қасиеттері бойынша жоғары сапалы ет алынады. Ондай ет құрамында азотты экстрактивті заттар мен бұлшықетінде гемоглобин мөлшері (0,8-1,2%) жоғары болуына байланысты, қызғылт түс береді және адамның асқа деген тәбетін арттырып, ас қорыту бездері жұмысының белсенділігін жоғарылатады.

Нәруыздың тиімділігі, тағамдық құнарлылығы, құрамындағы аминқышқылдары мен олардың мөлшеріне байланысты [12]. Аминқышқылдарының ағзада пайда болатындары алмастырылатын, ал ағзада пайда болмайтын тобы алмастырылмайтын болғандықтан, зерттеуімізді алмаспайтын аминқышқылдарын анықтауды жөн санадық.

Организмді толығымен қанмен қамтамасыз ету барысы маңызы зор алмаспайтын аминқышылы валиннің мөлшері саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамында 1004 мг/100 г болғандығы анықталды. Ал, салыстырмалы түрде алынған үй қояны ұшасы мен мүшелері құрамынан алынған сынамалардағы валиннің мөлшері 970 мг/100г болды. Сонымен, саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамындағы валин мөлшері үй қояны ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамындағы мөлшерден 3,4 % жоғары екендігі байқалды.

Тағамдық аминқышқылдарын пайдалану үшін қажетті алмаспайтын изолейциннің [13] мөлшері саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамында 745 мг/100 г болса, салыстырмалы түрде алынған үй қояны ұшасы мен мүшелері құрамынан алынған сынамалар құрамындағы изолейциннің мөлшері 900 мг/100 г жететінін көрсетті. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамындағы изолейцин мөлшері үй қояны етінің құрамындағы мөлшерден 20,8 % кем екендігі анықталды.

Құрамындағы сұйық заттар мен тіндердегі нәруызды құрау барысында керекті алмаспайтын аминқышқылы лейцин саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамында 1451 мг/100 г болғандығы белгілі болса, салыстырмалы түрде алынған үй қояны етінің құрамындағы бұл мөлшер 1510 мг/100г құрағанын көреміз. Яғни, саз құндызы ұшасы

мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамында лейцин мөлшері үй қояны етінің құрамындағы мөлшерден 4,1 % төмен болып шықты.

Жануарлардың өсімталдығы мен жасына, физиологиялық жағдайына байланысты сүт мөлшерінің көбеюі немесе азаюына әсері мол [14] алмаспайтын аминқышқылы лизин 2-кестеде көрсетілгендей саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамында 1739 мг/100 г көрсеткішін көрсетсе, салыстырмалы түрде алынған үй қояны етінің құрамында оның мөлшері 2320 мг/100 г жететінін көруге болады. Алынған нәтижені талдау барысында, лизиннің саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамындағы мөлшері үй қояны етінің құрамындағы мөлшерден 33,4 % аз екендігін көруге болады.

Түктің өсуіне әсер етіп, нәруызды заттардың алмасуын реттейтін метионин бауырды қорғап, глобин түзуге қатынасады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, саз құндызы етінен алынған сынамалар құрамындағы алмаспайтын аминқышқылы метионин 484 мг/100 г мөлшерінде болса, үй қояны етінің құрамында метионин мөлшері 570 мг/100 г жетті. Яғни, саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамындағы бұл мөлшері үй қояны етінің құрамындағы мөлшерден 17,8 % кем көрсеткішті көрсетті.

Тағамдық аминқышқылдарын сіңіруге қатынасаатын алмаспайтын аминқышқылы треонин саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамында 851 мг/100 г көрсеткішін көрсетсе, салыстырмалы түрде алынған үй қояны етінің құрамындағы бұл мөлшер 960 мг/100г болғандығын бақыладық. Саз құндызы сойыс өнімдерінен алынған сынамалар құрамындағы треонин мөлшері үй қояны етінің құрамындағы треонин мөлшерінен 12,8% төмен екендігі анықталды.

Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей жануарлардың өсіп-өнуіне, гемоглобиннің түзілуіне әсері мол алмаспайтын аминқышқылы триптофан [15] мөлшері саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамында 236 мг/100 г болды. Ал, салыстыру үшін алынған үй қояны етінің құрамындағы бұл мөлшер 320 мг/100г жететінін көрсетті. Саз құндызынан алынған сынамалар құрамындағы триптофан мөлшері үй қояны етінің құрамындағы алмаспайтын аминқышқылы триптофан мөлшерінен 35,6 % аз болып шықты (2-кесте).

Гормондар мен пигменттерді түзіп, қанның молаюына қажетті және аскорбин қышқылының мөлшерін реттеуге қатынасаатын алмаспайтын аминқышқылы фенилаланинді зерттеулеріміздің нәтижесінен көріп отырғанымыздай, саз құндызы ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамаларда 868 мг/100 г болғандығы белгілі болса, үй қояны етінің құрамындағы бұл мөлшер 570 мг/100г болды. Демек, саз құндызынан алынған сынамалар құрамындағы фенилаланин мөлшері үй қояны етінің құрамындағы алмаспайтын аминқышқылы фенилаланин мөлшерінен 65,6 % көп екендігін 2-кестеден көреміз.

Жалпы алғанда саз құндызы ұшасы мен мүшелерінің құрамында адам ағзасына қажетті барлық аминқышқылдары кездеседі [16]. Алмаспайтын аминқышқылдары арасынан валин, фенилаланин мөлшері жоғары. Олар барлық алмаспайтын аминқышқылдарының 25% құрайды.

Кесте 2 – Саз құндызы ұшасының құрамындағы алмаспайтын аминқышқылдарының салыстырмалы көрсеткіштері, мг/100 г есебімен (n=3)

Аминқышқылдары	Саз құндызы еті	Үй қояны еті
Валин	1004 ± 1,7	970±0,15
Изолейцин	745 ±2,5	900 ±0,17
Лейцин	1451 ±0,25	1510±0,06
Лизин	1739 ±2,2	2320±0,27
Метионин	484 ±0,7	570±0,12
Треонин	851 ±0,9	960±0,17
Триптофан	236 ± 0,3	320±0,07
Фенилаланин	868 ± 0,8	570±0,15
Алмаспайтын аминқышқылдарының жалпы мөлшері	7378 ± 1,6	8120±0,6

Жалпы, саз құндызы шаруашылық субъектілерін дамыту болашағы зор, мүмкіндігі мол сала. Ол бағалы тері өндірісінің дамуы мен оның әр түрлілігін арттырудың маңызды қоры болып табылады. Саз құндызы жүні мамығының бірегейлігімен, сыртқы түктерінің беріктігімен, терісінің жеңілдігімен және суықтан қорғайтын жоғары сапалы қасиеттерімен ерекшеленеді.

Тексеруге алынған түрлі жануарлардың ағзадағы минералды заттардың мөлшері де әр түрлі болатыны ақиқат. Бұлшықет ұлпасы организмдегі жүретін үдерістерде, физикалық және химиялық құбыластарда маңызы зор. 3-кестеде көрсетіліп отырғандай, ағзада кездесетін салдану, даму және өсу, т.б. сонымен қатар, басқа әсерлер туындататын натрий мөлшері саз құндызынан алынған сынамалар құрамында $57 \pm 1,5$ мг/100г болса, салыстырмалы түрде алынған үй қояны етінің құрамындағы бұл мөлшер $49 \pm 1,9$ мг/100г болды. Демек, тексеруге алынған саз құндызы етінің құрамындағы натрий мөлшері үй қояны етінің құрамындағы мөлшерден 8 мг/100г артық екендігі белгілі болды.

Ағзадағы гликоген мен нәруызды синтездеу үдерісіне маңызды орыны бар, сонымен қатар жүректің қалыпты қызмет атқаруына қатынасатын калийдің мөлшері саз құндызынан алынған сынамалар құрамында $375 \pm 1,6$ мг/100г, ал бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде алынған үй қояны ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамында $340 \pm 1,7$ мг/100г көрсетті. Яғни, зерттеуге алынған саз құндызы сойыс өнімдерінен алынған сынамалар құрамындағы калийдің мөлшері салыстырмалы түрде алынған үй қояны ұшасы мен мүшелерінен алынған сынамалар құрамындағы мөлшерден 35 мг/100г жоғары екендігі анықталды.

Организмдегі скелеттің қатайып, бекуіне маңызды әсер ететін кальций саз құндызы сойыс өнімдерінен алынған сынамалар құрамында $22 \pm 0,7$ мг/100г, ал бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде алынған үй қояны сойыс өнімдерінен алынған сынамалар құрамында $19 \pm 0,6$ мг/100г болды. Демек, ғылыми жұмыс барысында белгілі болғандай, саз құндызы ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы кальцийдің мөлшері салыстырмалы түрде алынған үй қояны ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы мөлшерден 3,0 мг/100г көп екендігін байқадық.

Саз құндызы ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы магний мөлшері $27 \pm 0,4$ мг/100г белгілі болса, бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде алынған үй қояны ұшасынан алынған сынамалар құрамында $25 \pm 0,5$ мг/100г. Ол дегеніміз, зерттеудегі саз құндызы ұшасының құрамындағы магний мөлшері, үй қояны ұшасынан алынған сынамалар құрамындағы мөлшерден 2,0 мг/100г жоғары болып шықты.

Фосфор ағзада углеводтардың қызметіне қатынасады және тірек, іс қимылға жауапты, сондықтан жүргізген зерттеуімізде фосфор саз құндызы етінен алынған сынамалар құрамында $204 \pm 1,1$ мг/100г болса, бұл мөлшер салыстырмалы түрде алынған үй қояны етінен алынған сынамалар құрамында $162 \pm 1,2$ мг/100г болды. Демек, тексеру үшін әкелінген саз құндызы етінің құрамындағы фосфор мөлшері, үй қояны етінің құрамындағы мөлшерден 42 мг/100г артық болып шықты.

Кесте 3 – Саз құндызы еті мен үй қояны етінің құрамындағы минералды заттардың салыстырмалы көрсеткіштері, мг/100г есебімен (n=3)

Макроэлементтер	Саз құндызы еті	Үй қояны еті
Na, мг	$57 \pm 1,5$	$49 \pm 1,9$
K, мг	$375 \pm 1,6$	$340 \pm 1,7$
Ca, мг	$22 \pm 0,7$	$19 \pm 0,6$
Mg, мг	$27 \pm 0,4$	$25 \pm 0,5$
P, мг	$204 \pm 1,1$	$162 \pm 1,2$
Fe, мг	$4,0 \pm 0,9$	$3,7 \pm 0,8$

3-кестеден көріп отырғанымыздай, ағзада темір аз болса эритроциттердің пайда болуына нұқсан келіп, анемия пайда болады. Ал, кейде, мөлшердегіден көп болуы ықтимал.

Бұл жағдайда ағза улануы мүмкін. Зерттеу қорытындысы бойынша саз құндызы ұшасынан алынған сынамал құрамында темір мөлшері $4,0 \pm 0,9$ мг/100г болғандығы белгілі, бұл көрсеткіш үй қояны ұшасынан алынған сынамал құрамында $3,7 \pm 0,8$ мг/100г болды. Демек, саз құндызы ұшасынан алынған сынамал құрамындағы темір мөлшері үй қояны құрамындағы осы мөлшерден 0,3 мг/100г көп.

Жануарлар сойылғаннан кейін етте жетілу үдерісі жүреді. Ет сапасы, қауіпсіздігі және дәмденуі осы үдеріске байланысты болады [17]. Оларды анықтау үшін физикалық, химиялық тәсілдер арқылы ет сапасы анықталды.

Саз құндызының пайдаланған жем-шөбіне, климатқа, ауа-райына, физиологиялық жағдайына және т.б. мәселелерге байланысты етте иіс болуы ықтимал. Осы иістің бар немесе жоқтығын білу үшін сорпаны қайнату арқылы сапасы тексерілді. Саз құндызы етінен дайындалған сорпа иісі өзіндік, бетінде май тамшылары бар, бөгде заттар немесе үлпектер кездеспеді.

Жалпылай, ет сапасы мен балаусалығын анықтауға арналған пероксидаза ферментінің белсенділігін анықтау барысында, сутегінің асқын тотығынан оттегін бөлініп, бензидинді тотықтыруы арқасында, парахинондиимид толық тотықпаған бензидинмен қосылып көк жасыл, кейіннен қоңыр түсті қоспа пайда болды. Яғни, саз құндызы етінің балауса болғандығының нәтижесі [16].

Соңғы кездері ет сапасының төмендеуіне әсер ететін, иістену етті дұрыс сақтамаудан болады. Ет құрамындағы аминқышқылдарының дезаминденуі әсерінен нәруыз ыдырап, ағзаға қауіпті заттар түзіледі. Жануарлардың ауырмай тұрғанда ағза бұлшықетінің құрамындағы нәруыздың ылжырауынан полипептидтер, пептидтер, аминқышқылдары және т.б. көптеп жиналуына байланысты, ет сапасы төмендейді [18]. Жүргізілген реакция нәтижесінде, саз құндызы етінің балаусалығы тексерілді (3-кесте).

Саз құндызы етінен дайындалған сорпа құрамындағы нәруыздың алғаш рет бөлініп, олармен Cu_2SO_4 қосылып, реакция жүргізілді. Реакция нәтижесі бойынша тұнба түзілген жоқ. Саз құндызы еті сапалы.

Жануарларды сою барысында көмірсудың шамасы және ағзадағы зат алмасу үдерісінің тоқтауына орай, ферменттердің белсенділігі төмендейтіні ақиқат. Ол жануарларды сояр алдында бейтарап немесе әлсіз сілтілі болады, ал сойылғаннан кейін, сутек иондары қышқылға қарай ауысады [19]. Тексеру барысында белгілі болғандай, саз құндызы ұшасынан алынған сынамалардан дайындалған сығындының қышқылды сілтілік ортасы 5,85-6,25 аралығын көрсетті.

Сойыс өнімдерін сақтау кезінде, сапасы төмен етте ұшпа май қышқылдары көбейіп (құмырсқа, сірке, пропионды, майлы, капрон және т.б) етте иіс пайда болады. Яғни аминқышқылдары дезаминделінеді, ол ет сапасының төмендігінің негізгі көрсеткіші. Тексеру барысында саз құндызы етінде бөгде иістің жоқтығы анықталды (4-кесте) [20].

Кесте 4 – Саз құндызы етінің физикалық, химиялық көрсеткіштері, (n=3)

Көрсеткіштер	Саз құндызы еті
Қайнату сынамасы	хош иісті, мөлдір
Қышқылды-сілтілік мөлшері, рН	$5,85 \pm 0,07$
Аминді-аммиакты азот, мг	$1,68 \pm 0,05$
Тотыянмен реакция	теріс (сорпа мөлдір)
ҰМҚ, мг КОН/г	$1,65 \pm 0,08$
Бактериоскоптау	$1,29 \pm 0,37$
Пероксидаза реакциясы	оң

4-кестеде көрсетілгендей, тексеру нәтижесі бойынша саз құндызы етінің сапалы екендігі анықталды .

Сойыс шығымы арқылы өнім сапасын анықтау барысында саз құндызында бұл көрсеткіш дене салмағының 55-62% көрсетті. Сандық тұрғыдан алғанда, бір ересек саз құндызынан орта есеппен 2,5-3,0 кг ет алуға болады

Сапасы төмен тағамдық өнімдерін тұтыну барысында халық түрлі аурулар жұқтыруы ықтимал. Соңғы уақыттардағы статистикалық мәліметтерге қарағанда адам ағзасының микроағзалармен залалдану деңгейі және улану жағдайларының жиілігі бойынша тағамнан уланулар көптеп кездесуде. Кейбір микроағзалармен немесе олардың уыттарымен залалданған тамақтарды қолданғанда осындай тағамдық аурулардың туындауы ықтимал. Тағам қауіпсіздігін анықтайтын көрсеткіштердің негізгілерінің бірі ретінде қалыптасқан микробиологиялық көрсеткіштер арқылы саз құндызы ұшасы мен мүшелерінің сапасын тексеру жүргізілді. Санитарлық-микробиологиялық зерттеулер жүргізу үшін тексеруге әкелінген саз құндызы сойыс өнімдерінен сынамалар алынып, микробиологиялық талдау мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалардың мөлшері мен ішек таяқшалары тобындағы бактериялардың болуы және сальмонеллалардан шыққан бактерияларды анықтау көрсеткіші бойынша жүргізілді. Талдау нәтижесі 5-кестеде келтірілген.

Кесте 5 – Саз құндызы сойыс өнімдерінің санитарлық–микробиологиялық көрсеткіштері, (n=3)

Көрсеткіштер	СанЕжН бойынша	Саз құндызынан алынған сынамалар
МАФАММ (КТБ/г)	$1 \times 10^4 / 1 \times 10^5$	$1,5 \times 10^1$
ІТТБ (колиформдар)	1г-да зерттелді	-
Сальмонеллалар	25г жіберілмейді	-
Ескерту: МАФАММ - мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалар, ІТТБ - ішек таяқшасы тобы бактериялар, КТБ – колония түзуші бірлік		

Осылай тағам өнімдерінде туындаған микроорганизмдер адамдарды түрлі ауруларға душар етуі ықтимал. МАФАМА залалдануын анықтауда, олардың мөлшері рұқсат берілген мөлшерден анағұрлым төмен екендігі белгілі болды. Ал, ішек таяқшасы тобы бактерияларының мөлшері, патогенді микроағзалар, соның ішінде сальмонеллалар анықталған жоқ. Демек, саз құндызы сойыс өнімдерін санитарлық–микробиологиялық тексеру барысында, сойыс өнімдерінің қауіпсіз екендігіне көз жеткіздік.

Қорытынды. Саз құндызы мен салыстырмалы түрде алынған үй қояны сойыс өнімдеріне жүргізілген ветеринарлық санитарлық сараптау және санитарлық бағалау нәтижесі бойынша, саз құндызы етінің энергетикалық құндылығы жоғары, алмаспайтын аминқышқылдарының барлығы кездесетін, минералды заттарының мөлшері жеткілікті, қауіпсіз, сапалы тағамдық өнім болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жумагелдиев А.А., Ромашев К.М., Қырықбайұлы С. Ветеринариялық-санитариялық сараптау.– Алматы: ҚазҰАУ, 2018. – Б.633-635.
2. Қырықбайұлы С, Телеуғали Т. Ветеринариялық санитариялық сараптау.– Алматы, ҚазҰАУ, 2017. –Б.227-231.
3. Скурихин И.М. Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов. – Москва, 1998г. - С.341.
4. Жумагелдиев А.А., Бердикулов М.А., Шамгунов Н.А. «Рисостим» азықтық қоспасын пайдаланған жайын балығының сапалық көрсеткіштері және ветеринариялық санитариялық сараптамасы // Ғылым және білім.2021. -№1 (62). -Б. 116-121.
5. Ергумарова М.О., Малдыбаева А.А.Саркоцисталармен зақымданған ірі қара мал етінің сапалық көрсеткіштері // Ғылым және білім. – 2018.№2. –Б. 83-86.
6. Жумагелдиев А.А., Матенова Н.М., Ромашев К.М., Рожаев Б.Г. Борсық етінің сапалық көрсеткіштері // Ғылым және білім. – 2018.- №4.– Б. 241-245.

7. Ромашев К.М., Рожаев Б.Ф., Шалхарова Д.Ж. Үй және жабайы үйрек етінің құрамындағы май қышқылдарының мөлшері // Ғылым және білім.-2019. №2 (55). –Б. 167-173.
8. Жумагелдиев А.А., Ромашев К.М., Рожаев Б.Г., Айдарбекова А.Б. Қаз етінің химиялық және аминқышқылдық құрамы // Ізденістер, нәтижелер.-2020. -№1 (085).–Б. 78-83.
9. Тоқтасын Г., Турабеков М.Р., Қазтаева Б.К., Толымбекова А.А. Анизакидозбен зақымдалған көксеркенің май қышқылдары мөлшері және ветеринариялық санитариялық бағалау // Биоқауіпсіздік және биотехнологиялар.-2020. - №1.-Б.41-44.
10. Джанабекова Г.К., Хусаинов Д.М., Алиханов К.Д. Влияние кормовой добавки на эффективность инкубации яиц чёрного африканского страуса в условиях юго-востока казахстана // Новости науки в АПК. -2018. -№2 (11).-С. 505-509.
11. Бурхан.М., Турабеков М.Р., Рожаев Б.Г. Қаз етінің сапасы, PSE, DFD көрсеткіштері және ветеринариялық санитариялық сараптамасы // ІЗДЕНІС, ПОИСК.-2020.-№ 5. –Б. 32-36.
12. Jangabulova A., Maulanov A., Arzymbetov D. Clinical and morphological manifestation of ketosis of dairy cows// News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan(Almaty). Series of Agrarian Sciences. V. 1, №43. -2018. –P. 5-8.
13. Джанабекова Г.К., Джанабеков К.Ж., Байтакова З.Н. Қара африкалық түйеқұстың жұмыртқалау динамикасы // Физиология. -2018. -№2. –Б. 134-138.
14. Janabekova G.K., Khussainov D.M., Turabekov M.R. Influence of feed additive on effectiveness of incubation of eggs of the black african ostrich // Ізденістер, нәтижелер. -2018. -№ 1.–Б. 488-493.
15. Турабеков М.Р., Ромашев Қ.М., Оразалиев Д.М. Кекілік еті құрамындағы дәрумендер мен микро-макро элементтері // Ізденістер, нәтижелер. -2018. -№ 1.–Б. 106-110.
16. Janabekova G.K., Khussainov D.M., Sobiech P. Effect of Supplement Feed on the Composition of the Black Ostrich's Eggs. / Journal of Pharmaceutical Sciences and Research. V. 10(4), 2018.-P.929-932.
17. Sobiech P., Zhanabekova G, Ussenbayev A. The influence of different concentrations of feed additive, based on shell rock and bentonite, on the growth, blood and meat parameters of the African black ostrich (Struthiocamelus) in south-east Kazakhstan// VETERINARSKI ARHIV.-2018. -Vol.7. 88 (3).-P. 413-425.
18. Jangabulova A., Kaczynsky P., Maulanov A. Veterinary and sanitary assessment of pathology of slaughter products of cattle sick with ketosis on milk production farms/ Journal of Ecology, Environment and Conservation.-V. 23. – Issue 1. -2017. –P. 593-599.
19. Ромашев К.М., Сағындықов Қ.А., Алиханов Қ.Д. Құр етінің сапалық көрсеткіштері // ХАБАРШЫ. -2017. -№2.–Б. 9-12.
20. Шамеева Ұ.Г., Джанабекова Г.К. Австралиялық эму түйеқұс ұшасы мен ағзаларын ветеринариялық санитариялық сараптау және етінің химиялық құрамы // Ізденістер, нәтижелер. -2017. -№ 1. –Б. 46-51.

REFERENCES

1. Zhumageldiyev A.A., Romashev K.M., Qyryqbaiuly S. Veterinariyalıq-sanitariyalıq saraptaı. – Almaty: QazUUAU, 2018. - B. 633-635.
2. Qyryqbaiuly S., Teleugali T. Veterinariyalıq sanitariyalıq saraptaı. – Almaty, 2017. - B.227-231.
3. Скурихин И.М. Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов. – Москва, 1998г. - С.341.
4. Zhumageldiyev A.A., Berdikulov M.A., Shamgunov N.A., Quality indicators and veterinary analysis of catfish meat when using the food additive «RISOSTIM» // Gylym zhane bilim. – 2021. - №1 (62). – B. 116-121.
5. Zhumageldiyev A.A., Ergumarova M.O., Maldybaeva A.A. Sarkosistalarmen zaqymdangan iri qara mal etinin sapalyq korsetkishteri // Gylym jane bilim. – 2018. - №2. – B. 83-86.
6. Zhumageldiyev A.A., Matenova N.M., Romashev K.M., Rozhaev B.G. Borsyq etinin sapalyq korsetkishteri // Gylym zhane bilim. – 2018. - №4. - B. 241-245.

7. Romashev K.M., Rozhaev B.G., Shalharova D.Zh. *Ui zhane zhabaiy uirek etinin quramyndagy mai qyshqyldarynyn molsheri» gylym zhane bilim» №2 (55) 2019.*
8. Zhumageldiev A.A., Romashev K.M., Rozhaev B.G., Aidarbekova A.B. *Qaz etinin himialyq zhane aminqyshqyldyq quramy. «Izdenister, natizheler». № 1 (085) 2020zh. – B. 78-83.*
9. Toqtasyn G., Turabekov M.R., Kaztaeva B.K., Tolymbekova A.A. *Anizakidozben zaqymdalğan kokserkenin mai qyshqyldary molsheri zhane veterinarialyq sanitarialyq «Bioquipsizdik zhane biotehnologialar» gylymi zhurnaly №1 2020zh. -B.41-44.*
10. Dzhanabekova G.K., Husainov D.M., Alihanov K.D. *Vlianie kormovoi dobavki na effektivnost' inkubacii iaic chernogo afrikanskogo strausa v usloviah ugo-vostoka kazahstana VI Mezhdunarodnaia konferencia «Innovacionnye razrabotki molodyh uchenyh –razvitiu agropromyshlennogo kompleksa» Novosti nauki v apk. №2 (11) 2018.- Stavropol' «AGRUS» – 2018. S. 505.*
11. Burhan M., Turabekov M.R., Romashev K.M., Rozhaev B.G. *«Qaz etinin sapasy, PSE, DFD korsetkishteri zhane veterinarialyq sanitarialyq saraptamasy» IZDENIS, POISK №5 20.02.2020zh.*
12. Dzhanabekova G.K., Dzhanabekova K.Zh., Baitakova Z. N. *Qara afrikalyq tueqystyn zhumyrtqalau dinamikasy Fiziologia. №2 Almaty 2018zh. - B. 134-138.*
- 13.15 Turabekov M.R., Romashev K.M., Orazaliev D.M. *Kekilik eti quramyndagy darumender men mikro-makro elementteri Izdenister, natizheler. № 1 2018g. – B. 106-110.*
- 14.19 Romashev K.M., Sagyndyqov Q.A., Alihanov Q.D. *Qur etinin sapalyq korsetkishteri Semei q. Shakarim atyndagy memlekettik universitetin HABARShYSY. №2 2017zh. –B. 9-12.*
15. Shameeva U.G., Dzhanabekova G.K. *Avstraliyalıq iemu tuiequs ushasy men agzalaryn veterinarialyq sanitarialyq saraptaı zhane etinin himialyq quramy Izdenister, natizheler. № 1 2017zh. –B. 46-51*

РЕЗЮМЕ

В связи с развитием малого и среднего бизнеса особый интерес представляет предпринимательство связанное с пушным звероводством. Меха получаемые от нутрий пользуется спросом.

В настоящее время во многих хозяйствующих субъектах где выращивается нутрий, служащие, местные жители, а также охотники после снятия шкуры используют в пищу продукты убоя нутрия. В ветеринарных (ветеринарно-санитарных) правилах нутрия не является убойным животным.

Целью разработки является обеспечение безопасности пищевой продукции для жизни и здоровья человека и окружающей среды. В то же время, определение пищевой ценности и безопасности продуктов убоя нутрии, выращиваемых в хозяйствующих субъектах страны для ценных шкур, является востребованным.

Статья предназначена для решения вопросов пищевой безопасности и ветеринарно-санитарной экспертизы продуктов убоя нутрии.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ
МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН
ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

УДК 636.1.082
МРНТИ 34.33.02

DOI 10.52578/2305-9397-2022-1-1-103-110

Рустенов А.Р., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, **негізгі автор**, <https://orcid.org/0000-0002-9858-6868>

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Нұрсұлтан Назарбаев көшесі, 162/1, Орал қ., 090014, Қазақстан Республикасы, Rustenov_aman@mail.ru

Елеугалиева Н.Ж., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, <https://orcid.org/0000-0002-7047-2965>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы, nur_el70@mail.ru

Жумагалиева Г.К., аға оқытушы, магистр, <https://orcid.org/0000-0002-0274-2505>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы, guldari_86@mail.ru

Демеугалиев Е.Т., 2 курс магистранты, <https://orcid.org/0000-0002-1720-8313>

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Нұрсұлтан Назарбаев көшесі, 162/1, Орал қ., 090014, Қазақстан Республикасы, demeu_21@mail.ru

Rustenov A.R., doctor of agri cultural sciences, professor, **the main author**,

<https://orcid.org/0000-0002-9858-6868>

West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Uralsk, ul. Egizbaeva 12/1, 090014, Kazakhstan, Rustenov_aman@mail.ru

Eleugalieva N.Zh., candidate of Agricultural Sciences, Associate Professor,

<https://orcid.org/0000-0002-7047-2965>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, nur_el70@mail.ru

Zhumagalieva G. K., senior lecturer, master's degree, <https://orcid.org/0000-0002-0274-2505>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, guldari_86@mail.ru

Demeugaliyev E.T., master student, <https://orcid.org/0000-0002-1720-8313>

West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Uralsk, ul. Egizbaeva 12/1, 090014, Kazakhstan, demeu_21@mail.ru

**ОРАЛ ӨҢІРІНДЕГІ СОВЕТТІК ШИНШЕЛЛА ҚОЯН АНАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ТӨЛДЕГІШТІГІ ЖӘНЕ КӨЖЕКТЕРІНІҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ
SOVIET CHINSHILLA RABBIT MOTHERS IN THE URALSK REGION AND
INDICATORS OF DEVELOPMENT**

Аннотация

Зерттеулер Орал өңіріндегі кең тараған советтік шиншелла тұқымды қоян аналықтардың орташа төлдегіштік көрсеткіштері және оның өзгергіштігі анықталынды. Тәжірибеге жүргізген қожалықтар бойынша жас аналықтардың орташа төлдегіштігі 6,28 бастан, 21-күндегі тірі қалған көжектердің көлемі 92,7% құрады. Тәжірибелі каналықтар жылына 6,05 реттен төлдеді, жылдық әр аналықтан алынған көжектердің саны 30-32 басты құрады. Аналықтардың орташа сүттілігі 1867 г, ауытқулары 18,7% құрады. Туылған кезде көжектердің орташа тірі массасы 69,1г, 21-ші күндері 279,3 г, 150 күнделіктеріндегі салмақ 3736,6 г болды, 0-150 күндері аралығында өсу қарқындылығы 54,07 есені құрады. Тәжірибиедегі жас қояндардың өсулері мен дамуларының көрсеткіштері ретінде олардың физиологиялық жағдайларына сипаттама беретін белгілері тексеріліп, олардың тұқымға тән деңгейде екендігі анықталынды. Жас қояндардың өсу барысындағы қандарының

гематологиялық көрсеткіштері зертелініп, олардың гемоглобиндері 96,05 г/л, эритроциттері $7,98 \times 10^{12}$ /л және лейкоциттері $6,49 \times 10^9$ /мл болып шықты.

ANNOTATION

The study revealed the average calving indicators of female rabbits of the common Soviet chinchella breed in the Ural region and its variability. According to The conducted experiments, the average calving rate of young females was 6.28 heads, the volume of surviving brood at the 21st day was 92.7%. Experimental females gave birth 6.05 times a year, the number of broods from each annual female was 30-32 heads. The average milk yield of females was 1867 G, with deviations of 18.7%. At birth, the average live weight of pigeons was 69.1 G, on the 21st day 279.3 G, the weight in 150 Diaries was 3736.6 G, the intensity of growth in the period from 0 to 150 days was 54.07 times. As indicators of growth and development of young rabbits in practice, the characteristics that characterize their physiological state were checked, and it was established that they are at the level characteristic of the breed. Hematological indicators of the blood of young rabbits during growth were studied, their hemoglobin was 96.05 G / L, erythrocytes $7,98 \times 10^{12}$ /l and leukocytes $6,49 \times 10^9$ /ml.

Түйін сөздер: қоян, советтік шиншелла, аналық, көжек, тірі салмақ, өсу қарқындылығы, гематология

Key words: rabbit, soviet chinchella, brood, brood, live weight, growth intensity, hematology

Кіріспе. Бүгінде қоян шаруашылығының экономикалық тиімділігі анықталынған және олардан алынатын еттер барлық диеталық еттің ішінде маңызды орын алады [1-5]. Олардың еттері сәлді, нәзік, дәмі жағынан тауық етіне жақын, қуаттылығы өте жоғары, тез қорытылады [6]. Құрамында белок пен майдың мөлшеріне қарай қоян еті тауықтың етінен әлдеқайда жоғары. Қоян етінің құрамында жоғары дәрежеде құнды белоктар, аз мөлшерде майдың экстрактивті заттары және холестерин болады, сондықтан да олардың еттері экологиялық таза, емдік қасиеті жоғары адам ағзасы үшін пайдалы болып саналады [7-8].

Биологиялық көрсеткіштері бойынша үй қояндарының ішінде «Советтік шиншилла» қояндарды басқа тұқымдықтардан басымдау болатыны Берестова Н.В., Макаренко Л.Я. [9], Озерецковская Е.В. [10] және басқаларының [11-17] зерттеулері көрсетеді. Олардың ғылыми жұмыстарында советтік шиншилла қояндарының биологиялық ерекшеліктерінен мыналарды атап өткен: бойларының биіктігі, терісінің өндірістік өндеуге жарамдылығы, түбіттерінің сапасының артықшылығы, еттерінің тағамдық қасиеттері жоғарылығы.

Осы кезге дейін елімізде бұл саланың биологиялық ерекшеліктері мен экономикалық тиімділік жағы айтарлықтай назарға толық алынбай жүр, соның нәтижесінде жыл бойы адам ағзасы үшін пайдалы ет пен бағалы тері өндіруге болатын қояндардың сандары мен тұқымдықтарыда аз. Дегенмен кейінгі жылдары мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қаржылай қолдаудың негізінде қоян шаруашылығының дамуы біраз алға басып келеді.

XXI-ғасырдың басынан елімізде асыл тұқымды қоян шаруашылығын дамытуда айтарлықтай үлес қосып отырған аймақтар айқындала бастады, солардың ішінде мыналарды көрсетуге болады: Алматы, Астана, Петропавловск, Қостанай, Ақтөбе сияқты қалалардың төңірегіндегі аудандарды жатқызуға болады. Батыс Қазақстан облысында ірі қоян шаруашылықтарын құру жоспарлануда, ал бірақ жеке азаматтардың ынталарымен шағын қоян фермалары көбеюде. Бұл шағын қоян шаруашылығымен айналысушылар түрлі тұқымды қояндарды тірідей сату мен өнімдерін саудалап табыс табудың негізгі көзі ретінде пайдаланып келеді. Осындай қоян шаруашылығымен айналысатындарға қояндардың бірнеше тұқымдық қасиеттерін анықтап, көбейту жолдарын дұрыс жүргізуді, көжектердің өсу қарқындылығын анықтауды, сапалы өнім алудың тиімді жолдарын қарастыру өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеу зерзаты мен әдістемелері. Орал шаруа қожалықтарында өсірілген қояндардың өнімділіктерін және биологиялық сипаттамаларын анықтауды Теректі ауылының қоян қожалықтары мен М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің зертханаларында жүргізілді. Аналықтардың сүттілігін Н.М.Фирсова [20] әдістемесі, интерьерлік ерекшеліктерін анықтау Н.И. Тинаев [21] бойынша өткізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талдаулары. Зерттеулерге таңдалынған екі қожалықтағы советтік шиншилла ұрғашыдарактарды 4-5 айлық жасында салмағы 4-4,5 кг кезінде алғашқы шағылыстыруға дайындалынды. Қожалықтардағы жас аналықтар шағылыс алдындағы күйлеулері қадағаланды, байқалғаны дарақтардың тынымсыздық қозылғалыстары, жем-шөптерден бас тартулары, су ішпеуі сияқты көріністер айқын болды. Жас аналықтарды шағылыстыру үшін торға аталық екі күнге кіргізілді, анық шағылысу байқалған соң аталық басқа торға ауыстырылды. Нәтижелі шағылысудан кейін жас аналықтың буаздық кезеңдерінде оларға шаруашылықтағы азықтық қорға байланысты арнайы толыққұнды рацион құрастырылды. Аналықтардың буаздық кезеңінің ұзақтығы орташа 28-30 күндей болды. Жас аналықтардың көжектену процесстері бақыланды, көжектерінің сақталуына жағдайлар жасалынды. Аналықтардың алғашқы көжектенулерінің көрсеткіштері 1-ші кестеде келтірілген.

Екі қожалақтағы жас аналықтардың төлдеу нәтижелері бойынша II-ші қожалықтағы аналықтар 6,34 бастан, сол сияқты I-ші қожалықта 6,12 бастан алынды, айырмашылықтары 0,22 басты құрады немесе 4,48% болды. II-ші қожалықтың аналықтарының сүттілігінде (1867 г) I-ші қожалық аналықтарынан (1842 г) айырмашылықтары 134 г (7,27%) болды.

Кесте 1 – Советтік шиншилла тұқымды қоян аналықтардың орташа төлдегіштік көрсеткіштері және оның өзгергіштігі, $M \pm m$

Көжектердің жасы, күн	I-ші қожалық, n=14	II-ші қожалық, n=16	Орташа	Cv, %
Аналықтың көжектер саны, бас	6,12±0,27	6,34±0,39	6,28±0,46	12,8
Тірі қалғаны, бас	5,85±0,14	6,04±0,24	5,91±0,43	9,14
Өлі туғандары, бас	0,54±0,02	0,43±0,01	0,52±0,01	3,19
Сүттілігі, г	1842±48,5	1976±38,9	1867±41,4	18,7
21-күнде тірі қалғандары, бас / %	5,65/92,4	5,92/93,5	5,82/92,7	11,63
4-айлыққа дейінгі шығын болғаны, %	1,2±0,05	1,1±0,04	1,1±0,02	5,64
120 күнге дейін тірі қалғаны, бас, /%	91,5±6,2	93,0±5,9	92,3±6,1	3,16

Қоян шаруашылықтарының негізгі көрсеткіштерінің бірі көжектердің туғаннан соңғы өміршеңдігі немесе сақталуы болып саналады. Сондықтан да тәжірибелік топтардағы көжектердің 21-күндегі тірі қалғандары есепке алынды. Көжектердің 21-күндегі тірі қалғандары бойынша I-ші қожалықта 5,85 бас немесе 92,4%, ал II-ші қожалықтағы аналықтардан 6,04 бас немесе 93,5% болды. Екі қожалықтар арасындағы айырмашылықтар 1,1% құрады. Жалпы қожалықтардағы советтік шиншилла жас аналықтардың сүттілігі мен көжектердің шығым көрсеткіштері толығымен тұқымдықтың жалпы көрсеткіштеріне сәйкес. Бұл советтік шиншилла жас аналықтарының сүттенуіне қажетті азықтық рацион деңгейі және жеке торлардағы ұстау-күтімдердің қалыптатылуын білдіреді.

Жас аналықтардың төлдеулері жыл бойында бақылауда болды, оны қорыта келгенде әр аналық жылына орташа 6,5 рет көжектенді, әр көжектеудегі 21 күндік тірі қалғандары сандары 5,7 бастан болып шықты. Қожалықтардағы аналықтар бір жылда 6,05 рет төлдеді, анасынан айрығанда (21-күндік) қалыпты даму көрсеткіштері барының саны 5,5-5,7 бас, ал жылдық бір қоян аналықтарынан 30-32 бастан кем емес төлдер алынды.

Қояндарының төлдегіштік көрсеткіштері және оның өзгергіштігі бойынша жүргізілген жұмыстарды қорыта келгенде қожалықтардағы аналықтар жыл бойындағы мерзімдерде күйлейді, шағылысады, жылына 6,05 рет көжектейді. Осы мәліметтерімізден қожалықтарда ұсталатын советтік шиншилла қояндарының *биологиялық көбеюшілік* белгілерінің жоғарылығы анықталынды.

Тәжірибелік қоян фермаларында көжектердің 21-күнділігіндегі тірі қалғандарының көлемінің 90% жоғарлығы келесі факторларға тікелей байланысты болды: - аналықтың сүттілігінің көжектерге жеткіліктігі; - аналықтың қасиеттерінің жоғарлығы, сұрыптаулар арқылы көжектерді жемеуді біртіндеп тұқымқуалаушылық қасиетке енгендігі; - күтімнің

талаптарға сәйкестілігі (су, жем, ұя тазалығы т.с.с); - аталық-аналықты жұптауда көбейгіштік қасиеттерін, өнімділік, өсімталдық көрсеткіштерін дұрыс пайдаланғандықтары.

Сонымен Орал өңіріндегі қоян фермаларында өсірілетін советтік шиншилла аналықтарының төлдегіштік көрсеткіштері, сүттену деңгейі, алынған көжектер көлемі тұқымдықтың талаптарына толдығымен сәйкес, яғни қояндар өңірге толығымен бейімделген. Сонымен қатар қожалықтардағы аналықтардың жыныстық циклдарының қайталамдылық (29 күн) мерзімдерінің тұрақтылығы байқалды, бұл деректер [11-13] зерттеулерін растады.

Қожалықтардағы қоян аналықтарынан алынған көжектердің өсу-дамуының абсолюттік және тәуліктік қарқындылығы зерттелінді. Туылған кезінде көжектердің терісі жүнсіз және көрмейтіні байқалды, ал 10-14-ші күндері олардың терілері қызарды, көздері толығымен ашылды. Туылғандағы көжектердің тірі массасы 68,9-69,2 г болса, 21-ші күндері 274,1- 292,2 г құрады. Көжектердің өсу қарқындылығы өте жоғары екендігі анықталынды. Олардың 0-150 күндері аралығында өсу қарқындылығы орташа 54,07 есе , ал 1-айлығындағы орташа көрсеткіштері 567,6 г құрады, яғни өсу қарқыны 8,14-8,43 есе болып шықты (2-ші кесте).

Қожалықтардағы көжектердің жоғарғы дәрежеде, қарқынды өсулері, қоян аналықтарының сүтінің жеткіліктілігімен түсіндіріледі. Көжектерге 21-күнге дейін қосымша азықтар берілмеді, олар бұл жастарында қосымша азықтарды қабылдамайтыны анық байқалды.

Кесте 2 – Тәжірбиелік кеңестік шиншилла тұқымды көжектердің тірі салмағының динамикасы (г) мен оның өзгергіштігі

Көжектердің жасы, күн	I-ші қожалық	II-ші қожалық	Орташа	Cv, %
Туған кезінде	69,2±1,3	68,9±1,4	69,1±1,2	3,14
21-ші	274,1±4,7	292,2±5,8	279,3±6,3	8,94
30-шы	562,1±8,3	581,5±9,2	567,6±8,1	11,3
45-ші	1109,3±12,2	1293,7±16,1	1139,1±13,1	5,61
60-шы	1334,1±10,9	1442,4±15,6	1358,2±14,5	4,62
90-шы	2878,1±11,8	2998,4±13,8	2913,3±14,9	4,57
120-шы	3091,4±9,9	3244,5±14,6	3115,2±16,7	3,84
150-ші	3675,4±12,7	3983,4±17,8	3736,6±19,8	3,78

Тәжірбиелік көжектердің қарқынды өсу-дамулары әрбір ай сайын 150 күнге дейін бақылауда болды. Алынған нәтижелер бойынша туғандағы көжектердің тірі салмақтары орташа 69,1 г болса, аналықтан айырған кездегі (21-күнде) тірі салмағы 279,3 г жетті, яғни өсу қарқындылығы 4,04 есе болды. Көжектердің 150 күндегі тірі салмақтары 3736,6 г жетті, сонда 21-150 күндер аралығындағы өсу қарқындылығы (3736,6 - 279,3 г : 129 күн) 26,8 есені құрады. Туған мерзімнен көжектердің 150 күнге дейінгі өсу қарқындылығы 24,45 есеге жетті.

Көжектерді анасынан айырған соң келесі азықтық құрамдар берілді, г: сәбіз (200), қызылша, сұлы (150 г), арпа (105), бидай кебегі (30), жемдік қызылша (200) , картоп (100), жоңышқалық шөп немесе оның көк шөптері (100-150). Астауда жеткілікті түрде тұз, бор салынып тұрды. Көрсетілген азықтық құрамдар толық құндылықты, осындай азықтық құрамдардың арқасында көжектердің абсолюттік және тәуліктік өсімдері де жоғары деңгейде болды.

Тәжірбиеледегі жас қояндардың өсулері мен дамуларының көрсеткіштері ретінде олардың физиологиялық жағдайларына сипаттама беретін белгілері тексерілді. Солардың ішінде мына көрсеткіштері зерттелінді: дене температурасы, тыныс алу жиіліктері, пульстері және олардың маусымдық өзгергіштіктері. Советтік шиншелла тұқымдық дарақтарының жүндері тығыз болып келгендіктен, жас қояндардың дене температурасында маусымдық мезгілдерде біршамалық ауытқулар байқалды (3-ші кесте). Зерттелінген жас қояндардың дене температурасы қыс мерзімдерінде +37,4 - + 37,6 °С құраса, жаз мезгілдерінде +38,7- +39,1°С аралығында болды, бұл анық жылдың маусымдық айырмашылықтарының көрінісі. Температуралық айырмашылықтардың байқалуына байланысты жас қояндар тұрақты түрде сыртта орналасқан торларда ұсталынды. Температуралық айырмашылықтар өз кезегінде жас қояндардың сыртқы орта температурасының ауытқуларына берген жауабы.

Кесте 3 – Советтік шиншелла жас қояндардың негізгі физиологиялық көрсеткіштері және оның өзгергіштілігі, (M±m)

Физиологиялық көрсеткіштер	I қожалық	II қожалық	Орташа	Cv, %
Дене температурасы, °C:				
жазда	38,7±3,42	39,1±4,05	38,9±3,98	6,12
қыста	37,6±3,01	37,4±3,74	37,5±3,57	7,15
Тыныс алу жиілігі, мин	56,4±3,62	57,1±3,83	56,7±4,28	5,34
Пульс, мин	137±8,43	148±9,62	142,5±8,87	6,19
Тәуліктік нәжіс салмағы, г	187±7,38	189±6,97	188±8,16	5,24

Сыртқы торларда ұсталатын жас қояндардың Жайық өңіріндегі маусымдық ауа райының өзгерулеріне бейімделгендерін байқатты, олар дене температураларын өзгерту арқылы басқада жүйелерінің жұмыстарының қалыпты физиологиялық деңгейлерде жүруіне осылайша жағдайларды туғызып отыр.

Екі қожалықтарда қояндардың пульстерінің арасында (137 және 148) біраз айырмашылықтар бар, мұндай айырмашылықтардың туындауы қояндарға арналған торлардың тұрақты орналасуына тікелей байланысты. I-ші қожалықтағы қояндар үйдің түбінде торларда тұрақты орналасып тұрса, II-ші шаруашылықтағылар торларлары үйлерден және ауыл жолдарынан алыс шетте орналасқан. Сондықтанда I-ші қожалықта бөгде жануарлар немесе адамдар жүргенде қояндар елендейді, қорқып тұрды, ал II-ші қожалықтағы қояндардың торларының маңынан ешкім жүрмейді, қорқынышсыз тіршілік етеді. Биологиялық тұрғыдан алғанда қояндард тұқымқуалаушылық белгілерінің бірі үркектігі, қорқақтығы, сақтықтығы жоғары. Осы тұрғыдан талқылағанда I-ші қожалықтағы дарақтар әрбір бөгде тітіркенгіштерге жүйке жүйесінің алғашқы жауабы ретінде ағзаның пульстері жоғарлап кетеді. Зерттеулердегі алынған пульстерінің арасында айырмашылықтардың негізі түрдің биологиялық сақтығымен түсіндіріледі.

Қожалықтардағы советтік шиншелла тұқымды қояндардың биологиялық сипаттамаларын толығырақ сипаттайтын гематологиялық көрсеткіштері, сондықтан да зерттелуші топтағы 3,5-3,6 айлық қояндар қандарының гематологиялық көрсеткіштері анықталынды. Алынған нәтижелер 4-ші кестеде келтірілген. Қоян фермаларындағы 3,5-3,6 айлық жас қояндар қандарының гематологиялық көрсеткіштерін анықтауларда мыналар белгілі болды: гемоглобиндері (96,05 г/л), эритроциттері ($7,98 \times 10^{12}$ /л) және лейкоциттері ($6,49 \times 10^9$ /мл), бұл мәліметтер қояндар үшін қалыпты (Миронова Е.В. тағы басқалары [13], Шастина Е.В. тағы басқалары [14] деңгейде болып саналады.

Кесте 4 – Советтік шиншелла тұқымды жас қояндар қандарының гематологиялық көрсеткіштері (n=12), M±m

Көрсеткіштер	I-ші қожалық	II-ші қожалық	Орташа	Cv
Гемоглобин, г/л	93,67±7,64	98,34±8,28	96,05±8,97	5,43
Эритроциттер, 10^{12} /л	7,82±0,57	8,14±0,41	7,98±0,63	8,33
Лейкоциттер, 10^9 /мл	6,43±0,43	6,56±0,37	6,49±0,72	5,26

Алынған мәліметтерді екі қожалықты салыстырмалы түрде талқыласақ, II-ші қожалықтағы қояндардың гемоглобинінің көлемі I-ші топтардағыдан 4,98% жоғарылау, сол сияқты эритроциттері де 4,09%, лейкоциттері де 2,02% біршама жоғары екендігі анықталынды. Артықшылдық себебінде II-ші қожалықта қояндарға араластырған дәнді дақылдардың, шырынды азықтардың, соның ішінде жемдік қызылшаны көптігі болуынан деп есептелінді. Жалпы қызылша қанның гематологиялық көрсеткіштерін жақсартатыны белгілі жайт. Жас

қояндар топтарында гематологиялық көрсеткіштері бойынша жалпы ауытқулары байқалмады және олар түрге, тұқымыдыққа тән көлемде болады [14-19].

Жас қояндар қандарының биохимиялық көрсеткіштері де зерттелінді. Жалпы биохимиялық көрсеткіштердің жүру деңгейі және оның көрсеткіштері ағзадағы зат алмасу процестерінің жүру қарқыныдылығын білдіретін негізгі ақпарат. Сондықтан да жас қояндар топтарының қандарының биохимиялық көрсеткіштері зерттелінді. Алынған нәтижелер 5-ші кестеде келтірілген.

Зерттеуден алынған мәліметтері бойынша II-ші қожалықтағы жас қояндар қандарының биохимиялық көрсеткіштері барлық анықталынған нәтижелерді салыстыра сараптағанда I-ші қожалықтағы қояндардан анықталған көрсеткіштері басымырақ түсті. Қожалықтардағы жас қояндардың қандарындағы орташа жалпы ақуыздың көлемі 96,88% болса, альбуминдері 47,86% құрады. Қояндардың қандарындағы глобулиндер түрлерінде гамма-глобулиннің көлемі 21,89% болып шықты, сол сияқты бета-глобулин 13,92%, альфа-глобулин 10,21% болды.

Кесте 5 – Советтік шиншелла тұқымды жас қояндар қандарының (3,5) биохимиялық көрсеткіштері(n=12), M±m

Көрсеткіштер	I-ші қожалық	II-ші қожалық	Орташа
Жалпы ақуыз, %	95,52± 10,26	98,24±11,51	96,88±10,64
Альбумин, %	46,34± 3,97	49,38±5,29	47,86±4,82
Альфа-глобулин, %	9,79± 0,74	10,62±1,24	10,21±1,35
Бета-глобулин, %	13,51± 1,63	14,34±1,68	13,92±1,64
Гамма-глобулин, %	21,77± 1,54	22,02±1,59	21,89±1,69
Кальций, мг %	9,84± 0,76	9,86±0,87	9,85±0,94
Фосфор, мг %	7,25±0, 74	7,56±0,61	7,41±0,76
Кальциймен фосфордың қатынасы	1,78	1,84	1,81
Каротин, мг %	0,83±0,07	0,85±0,09	0,84±0,09

Жас қояндар қандарының ағзаларындағы минеральды заттардың алмасулары кальций мен фосфордың қатынастары арқылы тұжырымдалады. Зерттелінген жас қояндарда кальций мен фосфордың қатынастарының көлемі 1,81 болды, ал қалыпты қатынастар 1,8-2,1 болып саналады. Біздің зерттеулерімізде алынған мәліметтерде бұл қатынастар сақталғандығы анықталынды. Минералды заттардың алмасуларын одан жоғарлату үшін қожалықтарда қояндар рациондарында минералды заттардың негізгі көздерін құрайтындарды біршама көбейтуге болады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулер Орал өңіріндегі қожалықтарда пайдаланатын советтік шиншелла қоян аналықтарының жылдық төлдегіштігі 6,05 реттен, алынатын қояндардың саны 30-32 көжектер, олардың даму қарқындылығының абсолюттік және тәуліктік өсімдерінің динамикасы анықталынды, қандарының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері Советтік шиншелла тұқымды жас қояндар шеңберінде болып, өңірге жеткілікті бейімделгендіктерін байқатты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Балакирев Н.А., Калугин Ю. А. Кролиководство - перспективная отрасль животноводства // Ветеринария, зоотехния и биотехнология. - 2015. - №7. - С. 20-23.
2. Климова Н.В., Можегова В.Д. Эффективность инвестиционных вложений в развитие кролиководства в России // Научный журнал Кубанского ГАУ. - 2017. - С. 1-10
3. Соколова А.П., Можегова В.Д., Титкова Д.Е. Оценка экономической эффективности кролиководства // Научный журнал Кубанского ГАУ. - 2017. - №125(01). – С. 1-14.
4. Nse Abasi, N. Etim, Enyenih Glory, E., AkpabioUduak, Offiong Edem, E. A. Effects of nutrition on haematology of rabbits: a review // European Scientific Journal. 2014, 10(3): p.413-424.

5. Al-Samarrai RRH, Al-Samarrai ASM, Al-Samarrai AMH. 2017. Effect evaluation of Iraqi Date Palm pollen on sex hormones level of male local rabbits. *ChemAdvMater*. 2(4):53–59.
6. Норейко, А.Ю. Повышение эффективности мясного кролиководства в условиях шедовой системы содержания [Текст] / А.Ю. Норейко // Вестник Брянской ГСХА. – 2015. – С. 1-4.
7. Рулева Т.А. Крольчатина как диетический продукт. Ее химический состав и органолептические показатели // Научный журнал «Инновационная наука». – 2016. – №3. – С. 61-64.
8. Черненко А.В., Ратошный А.Н. Качество мяса кроликов при разных условиях кормления и содержания // Кролиководство и звероводство. - 2015. - №6. - С. 44-46.
9. Авдиенко В.В., Забашта Н.Н., Головки Е.Н. Белковый состав крольчатин двух пород // Сборник научных трудов Северо Кавказского НИИ животноводства. – 2017. – С. 1-4
10. Берестова Н.В., Макаренко Л.Я. Сравнительная оценка условий выращивания кроликов породы серебристый по продуктивно-биологическим показателям // Вестник Красноярского государственного университета. - Красноярск. - 2016. - С. 129-134
11. Озерцовская Е.В., Здюмаева Н.П., Беоглу Е.В. Продуктивные качества самок кроликов при использовании универсального комбикорма в условиях промышленной технологии // Кролиководство и звероводство. – 2018. – №5. – С. 51-557
12. Рустенов А.Р., Наригеева Г.С., Елеугалиева Н.Ж. Великан тұқымды қояндардың экстерьерлік - конституциялық ерекшеліктері мен аналықтарының көбейушілік қасиеттерін зерттеу БҚМУ Хабаршысы №4, Орал 2019, Б. 493-498
13. Юрашик С.В. Воспроизводство кроликов - фактор повышения эффективности отрасли // Наше сельское хозяйство. – 2014. – №14. – С. 74-76.
14. Миронова Е.В. Показатели крови кроликов при включении в рацион пробиотической кормовой добавки Биогумитель [Текст] /Е.В. Миронова, Е.Н. Черников, А.А. Черникова// Известия Оренбургского ГАУ. - 2017. - С. 212-215.
15. Шастина Е.В., Здюмаева Н.П., Озерцовская Е.В. Гематологические показатели кроликов при использовании универсального комбикорма в условиях промышленной технологии // Кролиководство и звероводство. - 2019. - №2. - С. 13-16.
16. Беоглу Е.В., Здюмаева Н.П. Сравнительная оценка экстерьерных показателей и продуктивности мясного гибрида при использовании универсального комбикорма в условиях промышленной технологии. // Труды Костромской государственной сельскохозяйственной академии. - Выпуск 88. - Караваево: Костромская ГСХА, 2018. – С. 37-43.
17. Голубев М.И., Позняковский Ю.В. Переваримость питательных веществ в организме молодняка кроликов при различных уровнях сырой клетчатки в комбикорме // Научный вестник Львовского национального университета вет. медицины. – 2015. –Т. 17. - №3. – С. 144- 148.
18. Dalmau A., Pallisera J., Pedernera C., Muñoz I., Carreras R., Casal N., Mainau, E., Rodriguez P. & Velarde A. (2016) Use of high concentrations of carbon dioxide for stunning rabbits reared for meat production. *World Rabbit Science* 24(1):25–37.
19. Обухов Г.В., Сарапулова Т.В. Особенности кормления различных физиологических групп // Вестник биотехнологии. – 2016. – №3. – С. 6.
20. Фирсова Н.М. Разведение кроликов, кормление и содержание М.: Агропромиздат. 1990- 212 с.

REFERENCES

1. Balakirev N.A., Kalugin Ju.A. Krolikovodstvo – perspektivnaja otrasl' zhivotnovodstva// Veterinarija, zootehni jai biotehnologija. - 2015. - №7. - S. 20-23.
2. Klimova N.V., Mozhegova V.D. Jefferktivnost' investicionnyh vlozhenij v razvitie krolikovodstva v Rossii // Nauchnyj zhurnal Kubanskogo GAU. - 2017. - S. 1-10
3. Sokolova A.P., Mozhegova V.D., Titkova D.E. Ocenka jekonomicheskoy jefferktivnosti krolikovodstva // Nauchnyj zhurnal Kubanskogo GAU. - 2017. - №125(01). – S. 1-14.

4. Norejko, A.Ju. Povyshenie jeffektivnosti mjasnogo krolikovodstva v uslovi jahshedovoj sistemy sodержanija [Tekst] / A.Ju.Norejko // Vestnik Brjanskoj GSHA. – 2015. – S. 1-4.
5. Ruleva T.A. Krol'chatina kak dieticheskij produkt. Ee himicheskij sostav i organolepticheskie pokazateli // Nauchnyj zhurnal «Innovacionnaja nauka». – 2016. – №3. – S. 61-64.
6. Chernenko A.V., Ratosnyj A.N. Kachestvo mjasa krolikov pri raznyh uslovijah kormlenija i sodержanija // Krolikovodstvo i zverovodstvo. - 2015. - №6. - S. 44-46.
7. Avdienko V.V., Zabashta N.N., Golovko E.N. Belkovyj sostav krol'chatiny dvuh porod // Sbornik nauchnyh trudov Severo Kavkazskogo NII zhivotnovodstva. – 2017. – S. 1-4.
8. Berestova N.V., Makarenko L.Ja. Sravnitel'naja ocenka uslovij vyrashhivaniya krolikov porody serebristyj po produktivno – biologicheskim pokazateljam // Vestnik Krasnojarskogo gosudarstvennogo universiteta. - Krasnojarsk. - 2016. - S. 129-134.
9. Ozereckovskaja E.V., Zdjumaeva N.P., Beoglu E.V. Produktivnye kachestva samok krolikov pri ispol'zovanii iuniversal'nogo kombikorma v uslovijah promyshlennoj tehnologii // Krolikovodstvo i zverovodstvo. – 2018. – №5. – S. 51-557.
10. Rustenov A.R., Narigeeva G.S., Eleugalieva N.Zh. Velikan tukymdy kujandardy ejekster'erlik-konstitucijalyk erekshelikteri men analyktarynyn kybejushilik kasietterin zertteu BKMU Habarshysy №4, Oral 2019, B.493-498
11. Jurashhik S.V. Vosproizvodstvo krolikov – faktor povyshenijaj effektivnosti otrasli // Nashe sel'skoe hozjajstvo. – 2014. – №14. – S. 74-76.
12. Mironova E.V. Pokazateli krovikrolikov pri vkljuchenii v racion probioticheskoj kormovoj dobavki Biogumitel' [Tekst] /E.V. Mironova, E.N. Chernenkov, A.A. Chernenkova// Izvestija Orenburgskogo GAU. - 2017. - S. 212-215.
13. Shastina E.V., Zdjumaeva N.P., Ozereckovskaja E.V. Gematologicheskie pokazateli krolikov pri ispol'zovanii universal'nogo kombikorma v uslovijah promyshlennoj tehnologii// Krolikovodstvo i zverovodstvo. - 2019. - №2. - S. 13-16.
14. Beoglu E.V., Zdjumaeva N.P. Sravnitel'naja ocenka ekster'ernyh pokazatelej i produktivnosti mjasnogo gibrida pri ispol'zovanii universal'nogo kombikorma v uslovijah promyshlennoj tehnologii. // Trudy Kostromskoj gosudarstvennoj sel'sko hozjajstvennoj akademii. - Vypusk 88. - Karavaevo: Kostromskaja GSHA, 2018. – S. 37-43.
15. Golubev M.I., Poznjakovskij Ju.V. Perevarimost' pitatel'nyh veshhestv v organizme molodnjaka krolikov pri razlichnyh urovnjah syroj kletchatki v kombikorme // Nauchnyj vestnik L'vovskogo nacional'nogo universiteta vet. mediciny. – 2015. –T. 17. - №3. – S. 144- 148.
16. Obuhov G.V., Sarapulova T.V. Osobennosti kormlenija razlichnyh fiziologicheskikh grupp // Vestnik biotehnologii. – 2016. – №3. – S. 6.
17. Firsova N.M. Razvedenie krolikov, kormlenie i sodержanie M.: Agropromizdat. 1990 - 212 s.

РЕЗЮМЕ

Исследованиями выявлены средние показатели при плода и его изменчивость у самок кроликов широко распространенной советской породы шиншеллы в Уральском регионе. Средняя приплодность молодых самок по проведенным опытам составила 6,28 голов, на 21-й день число выживших молодняка составил 92,7%. Опытные самки рожали 6,05 раза в год, количество молодняка от каждой самки за год составило 30-32 головы. Средняя молочность самок составила 1867 г, отклонения составили 18,7%. Средняя живая масса кроликов при рождении составила 69,1 г, на 21-й день-279,3 г, на 150-й день-3736,6 г, интенсивность роста в период с 0 по 150 число составила 54,07 раза. В качестве показателей роста и развития молодых кроликов в эксперименте были проверены признаки, характеризующие их физиологическое состояние и установлено, что они находятся на уровне, характерной для породы. Исследованы гематологические показатели крови молодых кроликов в процессе роста, показали, что гемоглобин 96,05 г / л, эритроциты $7,98 \times 10^{12}$ /л и лейкоциты $6,49 \times 10^9$ /мл.

Айтжанова Индира Нурлановна, PhD докторы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-8940-6845>

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Тәуелсіздік көшесі, 118, Қостанай қ., 110000, Қазақстан, www.indira.rz@mail.ru

Қоңырбек Гүлдана Динмухамеджанқызы, автор, <https://orcid.org/0000-0001-7577-3102>

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Тәуелсіздік көшесі, 118, Қостанай қ., 110000, Қазақстан, konyrbek.guldana@mail.ru

Aitzhanova Indira Nurlanovna, PhD, the main author, <https://orcid.org/0000-0002-8940-6845>

«Kostanay regional university named after A. Baitursynov», 118 Tauelsizdik STR., Kostanay, 110000, Kazakhstan, www.indira.rz@mail.ru

Konyrbek Guldana Dinmukhamedzhankyzy, author, <https://orcid.org/0000-0001-7577-3102>

«Kostanay regional university named after A. Baitursynov», 118 Tauelsizdik STR., Kostanay, 110000, Kazakhstan, konyrbek.guldana@mail.ru

**«ХАЛАЛ ҚАСАП» АӨК ШАРТТАРЫНДА ӘРТҮРЛІ ЖАСТАҒЫ БОРДАҚЫЛАНҒАН
БҰҚАШЫҚТАРДЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ
INDICATORS OF MEAT PRODUCTIVITY OF FATTENED BULLS OF DIFFERENT AGES
IN THE CONDITIONS OF THE AGRICULTURAL
COMPLEX "HALAL KASSAB"**

Аннотация

Мақалада «Халал Қасап» АӨК шарттарында ірі қара малдың ет өнімділігі және етінің сапасы бойынша тәжірбие жұмыстары көрсетілген. Ірі қара мал төлінің өнімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін зерттеу бойынша зерттеулер жүргізілді. Еліміздің Оңтүстік өңірінде өсірілетін жергілікті етті ірі қара мал тұқымдарын үш топқа бөліп, әр топта 10 ірі қарадан зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жас малдың жасы мен тірі салмағының ет өнімділігі мен ет сапасына әсері жергілікті етті ірі қара мал тұқымдарының бұқаларындағы тәжірибеде, әрқайсысында 10 малдан тұратын үш топта анықталды. Барлық тәжірибелік топтардың бұқаларының рационы күніне 650-700 г өсуге арналған. Олар 10-15 кг жүгері сүрлемінен, 10-15 кг жылдық шөптерден, 2-5 кг концентраттардан тұрды. Орта есеппен 120 есептік күн ішінде 1 бас есебімен рационның қоректілігі тәулігіне 1 топта – 7,1; 2 топта-8,07 және 3 топта – 9,7 азықтық бірлікті құрады. Бордақылаудың есептік кезеңінде бірінші топтағы жергілікті етті ірі қара мал тұқымдарының рационының құрылымында құнарлы азықтың үлес салмағы 35,2% – ды, екіншісінде – 43,4% - ды, ал үшіншісінде-46,4% - ды құрады. 3 топ бойынша әртүрлі жастағы бордақылған бұқашықтарды сою көрсеткіштері және ұшаларының морфологиялық құрамы, бұқашықтар етінің химиялық құрамы, бұлшықет ұлпасындағы маңызды аминқышқылдарының құрамы, тәжірибелік бұқалардың майы мен етіндегі хлороорганикалық пестицидтердің құрамы анықталды. Балалар тамағына жарамды еттің химиялық құрамын зерттелді. 23-24 ай жасында бордақылаудан алынған бұқашықтарда жұптасқан ұшаның ең жақсы шығымы (56 %) және балалар тамағына жарамды еттің көп мөлшері (65%) болды.

ANNOTATION

In the conditions of the agro-industrial complex "Halal Kasab", experimental work is shown to improve the meat productivity and quality of cattle meat. Studies have been conducted to study the productivity, quality and safety of young cattle. Local beef cattle breeds grown in the southern region of the country were divided into three groups, in each group a study of 10 cattle was conducted. The influence of the age and live weight of young animals on the meat productivity and quality of meat was determined in the experiment in bulls of local beef breeds of cattle, in three groups of 10 animals each. The diet of Bulls of all experimental groups is designed to grow 650-700 g per day. They consisted of 10-15 kg of corn silage, 10-15 kg of annual grasses, 2-5 kg of concentrates. On average, for 120 reporting days, the nutritional value of the diet at the rate of 1 head per day was 7.1 in group 1,

8.07 in group 2 and 9.7 feed units in group 3. In the reporting period of fattening, the specific weight of concentrated feed in the structure of the diet of local beef breeds of cattle of the first group was 35.2%, the second - 43.4%, and the third - 46.4%. In group 3, slaughter indicators and morphological composition of carcasses of fattened Bulls of different ages, the chemical composition of meat of bulls, the content of essential amino acids in muscle tissue, the content of organochlorine pesticides in fat and meat of experienced Bulls were determined. The chemical composition of meat suitable for baby food has been studied. At the age of 23-24 months, the fattened bulls had the best yield of a steamed carcass (56%) and a large amount of meat suitable for baby food (65%).

Түйін сөздер: *тірілей салмағы, жергілікті тұқым, бордақылау, ет шығымы, еттің химиялық құрамы.*

Key words: *live weight, local breed, fattening, meat yield, chemical composition of meat.*

Кіріспе. Ірі қара малдың ет өнімділігінің деңгейі, сиыр етінің сапасы мен тағамдық құндылығы жас, тұқым, жыныс, май және бордақылау дәрежесі, өсіру жағдайлары сияқты факторларға байланысты. Осы факторлардың әрқайсысы ұшаның морфологиялық құрамына, ет сапасының физика-химиялық және органолептикалық көрсеткіштеріне белгілі бір әсер етеді, оны әр түрлі сипаттауға болады [1,2]. Бұқашықтардың ет өнімділігі мен ұшалардың сапасын салыстыру бұқашықтардың кастраттармен салыстырғанда сою массасы (3,4% - ға) жоғары, тауарлық еттің шығымдылығы (5,5% - ға) және бұлшық ет көлемі орта есеппен 4,9 см 2-ге артық, ал сүйектері аз (3,1% - ға) болғанын анықтауға мүмкіндік берді [3]. Ет және ет өнімдерінің сапасын бағалау кезінде мыналарды ескеру қажет: олардың құрамындағы биологиялық синтез және энергия шығындарын жабу үшін организм пайдаланатын компоненттердің құрамы, органолептикалық сипаттамалары (сыртқы түрі, түсі, консистенциясы, иісі), ұйытты заттар мен патогенді микроорганизмдердің болмауы [6]. Кейбір шетелдік ғалымдар ет сапасын тұтынушылардың сұранысымен анықтайды. Басқа зерттеушілер етті бірдей бағалау үшін тұтынушылардың, малшылардың және өңдеу өнеркәсібінің талаптарын бірдей ескеру қажет деп санайды [7,8]. Ет сапасы бойынша біз анықтауға және өлшеуге болатын барлық сипаттамалардың жиынтығын түсінеміз: органолептикалық, химиялық, гигиеналық, технологиялық [9]. Бұл ұғымға химиялық құрамның сипаттамалары, физика-химиялық қасиеттері, жеке бұлшықет ұлпасының морфологиялық қатынасы, органолептикалық қасиеттері кіреді [10]. Сиыр етінің тағамдық құндылығы көбінесе сойылған маллардың жасына және тірі салмағына байланысты анықталады, өйткені олардың өсуі мен дамуы процесінде массаның өсуіне және қаңқаның морфологиялық құрамының өзгеруіне байланысты айтарлықтай сандық және сапалық өзгерістер болады. Малдардың майды тұндыру қабілеті тамақтану деңгейіне, жасына, тұқымына және жынысына байланысты да өзгереді. Майдың жинақталу дәрежесі және оның таралуы қаңқаның сыртқы түріне әсер етеді және қазіргі уақытта олардың майын бағалаудың негізгі белгілерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мал шаруашылығында малдардың 18-24 айлық жас малдардан оңтайлы тірі салмаққа жету мерзімінің төмендеу тенденциясы байқалады. Малдардың жасының ұлғаюымен, еттің химиялық құрамының өзгеруімен қатар, сенсорлық талдау негізінде субъективті түрде бағаланатын сиыр етінің құрылымдық-механикалық қасиеттерінде, сондай-ақ әртүрлі құрылғылардың көмегімен өзгерістер болады [11]. Осылайша, әртүрлі технологиялық факторларға байланысты сиыр етінің сапасы бойынша айтарлықтай материал жиналды. Алайда, нәресте тағамына арналған сиыр етіне қойылатын талаптардың өзіндік ерекшеліктері бар және, ең алдымен, назар аударуға тұрарлық май мөлшері, өйткені сиыр майын балалар ағзасы сіңірмейді [12]. Қазіргі уақытта Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігін құру процесі жүріп жатыр. Осыған байланысты етті мал өсіруге арналған қолданыстағы стандарттарды үйлестіру, балалар тағамы үшін сиыр етінің сапасы мен қауіпсіздігі өте өзекті.

Зерттеу жұмысының мақсаты «Халал Қасап» АӨК шарттарында әртүрлі жастағы бордақыланған бұқашықтардың ет өнімділігінің балалар тағамының сапасына әсерін зерттеу болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Шаруашылықтық – эксперименттік зерттеу жұмысы Түркістан облысы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Бозарық шағын

ауданында орналасқан «Халал Қасап» АӨК шарттарында жүргізілді. «Халал Қасап» АӨК шарттарында сиыр етінің құрамындағы шаруашылықтарда пайдаланылатын етті бұқашықтарды өсіру және бордақылау технологияларына байланысты біз ірі қара мал төлінің өнімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін зерттеу бойынша зерттеулер жүргіздік. Балалар ет консервілері үшін еттің тағамдық және биологиялық құндылығының ірі қара малдың жасына, тұқымына, биологиялық жағдайына, салмақтық кондициясына тәуелділігін зерттелді.

Жас малдың жасы мен тірі салмағының ет өнімділігі мен ет сапасына әсері жергілікті тұқымның бұқаларындағы тәжірибеде, әрқайсысында 10 ірі қарадан тұратын үш топта анықталды. Барлық тәжірибелік топтардың бұқаларының рационы күніне 650-700 г өсуге арналған. Олар 10-15 кг жүгері сүрлемінен, 10-15 кг жылдық шөптерден, 2-5 кг концентраттардан тұрды. Орта есеппен 120 есептік күн ішінде 1 гол есебімен рационның қоректілігі тәуелігіне 1 топта – 7,1; 2 топта-8,07 және 3 топта – 9,7 азықтық бірлікті құрады.


Бордақылаудың есептік кезеңінде бірінші топтағы малдар рационының құрылымында құнарлы азықтың үлес салмағы 35,2% – ды, екіншісінде – 43,4% - ды, ал үшіншісінде-46,4% - ды құрады. Алынған тәжірибелік ірі қарамалдар сойылып, сонымен бірге сою көрсеткіштері ескерілді, қаңқалардың морфологиялық құрамы, ет, сүйектер мен сіңірлердің шығымдылығы, жалпы қабылданған әдістерге сәйкес бұлшықет ұлпасының физикалық қасиеттері зерттелді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Сиыр етінің тағамдық құндылығы көбінесе сою алдында малдардың жасына және тірі салмағына байланысты. Малдың өсуі мен дамуы процесінде массаның өсуіне және қаңқаның морфологиялық құрамының өзгеруіне байланысты айтарлықтай сапалық және сандық өзгерістер болады. Біз жергілікті етті ірі қара мал тұқымының әртүрлі жастағы бұқаларының морфологиялық құрамын, ет шығымдылығын және оның химиялық құрамын зерттедік.

Бұқашықтарды союдың деректері үш жас санатында (1 топ - 16-17, 2 топ - 19-20, 3 топ - 23-24 ай) 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Әртүрлі жастағы бордақыланған бұқашықтарды сою көрсеткіштері және ұшаларының морфологиялық құрамы (n=10)

Көрсеткіштері		Топ, жасы (ай)		
		1 (16-17)	2 (19-20)	3 (23-24)
Тірідей салмағы, кг	Сойыс кезінде	360,1	410,8	468,1
	Союға дейінгі	326	371	433
Ұшаның салмағы, кг		177,9	204,5	244,1
Ұшаның салмағы, %		54,6	55,1	56,4
Ішкі май кг	кг	5,6	5,3	6,0
	%	1,2	1,4	1,4



Сурет 1 – Бұқашықтарды сою көрсеткіштері

Әртүрлі жастағы бұқашықтарды сою көрсеткіштері жаңа сойылған ұшалардың ең жақсы шығымы (56,3 %) және балалар тағамы өнімдерін өндіру үшін пайдаланылатын целлюлоза бөлігінің көп мөлшері (64,9%), 100 кг тірі салмаққа (42,1 кг), оның ішінде балалар тағамы үшін жарамды ет шығымы (81,9%) 23-24 ай жасында бордакылаудан алынған үшінші топтағы тәжірибелік малдарда байқалғанын көрсетеді. Бұқашықтарды сою көрсеткіштерінің сандық көрсеткіші 2-кестеде көрсетілген.

Еттің сапасын зерттеуде оның тағамдық құндылығы шешуші екенін білеміз. Өнімдердің тағамдық құндылығы биологиялық синтез үшін қажетті компоненттердің болуымен және организмнің энергетикалық шығындарын жабумен, сондай-ақ дәмдік қасиеттерін қамтамасыз етумен сипатталады.

Кесте 2 – Бұқашықтарды сою көрсеткіштері

Топтар	ет жұмсағы	1 кг сіңір үшін ет	% барлық ет жұмсағы	сүйек және сіңір
1 топ	39,8	3,6	74,95	11,2
2 топ	40,6	3,7	75,93	11,2
3 топ	42,3	3,9	81,94	11,0

Біз балалар тағамы үшін қолданылатын еттің химиялық құрамын зерттедік (кесте 3)

Кесте 3 – Бұқашықтар етінің химиялық құрамы (n=10)

Топтар	Ылғал	Шикі протеин %	Май %	Күл %	Са %	Р %
1	74,2	20,0	4,8	0,9	12,5	133,0
2	74,4	19,4	5,1	1,0	10,0	128,2
3	74,1	19,4	5,7	1,0	13,2	127,6

Ақуыз, май және күлдің құрамын анықтау әртүрлі жастағы бұқалар арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмағанын көрсетті, алайда жасы ұлғайған сайын ет құрамында май мен кальций мөлшері аздап артып, ақуыз мен фосфор азайды, дегенмен айырмашылық статистикалық тұрғыдан сенімді болмады.

Еттің ақуыз компоненттерінің сапасын бағалау кезінде олардың амин қышқылы құрамының тепе-теңдік дәрежесі өте маңызды. 4-кестедегі мәліметтер үшінші топтағы бұқалардың етінде маңызды аминқышқылдарының мөлшері жоғары, олардың жалпы мөлшері көп екенін көрсетеді. Денедегі улы заттардың жинақталуының жас ерекшеліктерін анықтау үшін органохлорлы пестицидтердің құрамына тәжірибелі бұқалардың перикарпиялық майы мен еті талданды.

Кесте 4 – Бұлшықет ұлпасындағы маңызды аминқышқылдарының құрамы

Аминқышқылы	Топтар(жасы, ай)		
	1 (16-17)	2 (19-20)	3 (23-24)
Лизин	2,10	2,0	2,17
Гистидин	1,0	0,97	1,01
Треонин	1,05	0,97	1,07
Метионин	1,03	0,58	1,0
Лейцин	1,69	1,69	1,82
Фенилаланин	1,06	1,04	1,09
Триптофан	0,26	0,27	0,32
Барлығы	8,19	7,52	8,48

Зерттеулер көрсеткендей, еттегі ХОП жинақталуында жасқа байланысты өзгерістер байқалмады. Алайда, үшінші топтағы бұқашықтардың бүйрек маңындағы майында ГХЦГ изомерлері де, ДДТ метаболиттері де көп болды, бірақ олар регламент шегінде болды (кесте 5).

Кесте 5 – Тәжірибелік бұқалардың майы мен етіндегі хлорорганикалық пестицидтердің құрамы, мг/кг (M=m)

Атауы	Топтар(жасы, ай)		
	1 (16-17)	2 (19-20)	3 (23-24)
майда:			
ГХЦГ(изомерлер сомасы)	0,0057±0,0005	0,0092±0,0008	0,0106±0,0006
Метоболиттер ДДТ	0,0169±0,0026	0,0257±0,0042	0,0436±0,0030
етте:			
ГХЦГ(изомерлер сомасы)	0,0017±0,0001	0,0014±0,0003	0,0015±0,0003
Метоболиттер ДДТ	0,0022±0,0001	0,0024±0,0002	0,0035±0,0004

Осы тәжірибеде алынған нәтижелер балалар тағамдарын өндіру үшін тірі салмағы 450-480 кг болатын 24 айдан аспайтын жас малдың етіне артықшылық беру керек деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Балалар тамағына арналған сиыр етінің химиялық құрамына қойылатын талаптардың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, баланың денесі нашар сіңірілетін майдың мөлшері 10% - дан аспауы керек. Жергілікті тұқым бұқаларының етін талдау көрсеткендей, бірінші жас тобындағы бұқашықтардан балалар тамағы үшін сиыретіндегі май мөлшері бір сұрыпты (15 - 16 ай.) 8,2% ±0,5 құрады, ал екінші жас тобындағы бұқашықтардан (21-24 ай)) – 3,2 %. Еттің улы элементтерінің, пестицидтердің, антибиотиктердің құрамы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ.

Зерттеулер көрсеткендей, еттегі ХОП жинақталуында жасқа байланысты өзгерістер байқалмады. Алайда, үшінші топтағы бұқашықтардың бүйрек маңындағы майында ГХЦГ изомерлері де, ДДТ метаболиттері де көп болды, бірақ олар регламент шегінде болды.

Осы тәжірибеде алынған нәтижелер балалар тағамдарын өндіру үшін тірі салмағы 450-480 кг болатын 24 айдан аспайтын жас малдың етіне артықшылық беру керек деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Алғыс сөз. Эксперименталдық-шаруашылықтық зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында көрсетілген қолдау үшін «Халал Қасап» шаруашылығының директоры Алиасқаров Сұлтан Уахитовичке алғысымызды білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аманжолов Қ.Ж., Қозыбаков Б.А., Ержігітов Е.С., Майлыбаев М.Х. Етті ірі қара малшаруашылығының қалыптасуы, дамуы және ет өндіру технологиясы (Анатикалық толу). - Алматы, 2013.- Б. 4.
2. Амерханов Х. Производство говядины и пути его увеличения в России // Молочное и мясное скотоводство. – 2003. - № 6. - С. 8-11.
3. Амерханов, Х.А. Показатели мясной продуктивности бычков при оценке по собственной продуктивности/ Х.А. Амерханов, В.Ю. Хайнацкий, Ф.Г. Каюмов // Зоотехния. - 2011.
4. Антипова Л.В., Глотова И.А., Рогов И.А. Методы исследования мяса и мясных продуктов. М.: Колос, 2001. 376 с.
5. Бахарев А.А., Криницына Т.П., Лысенко Л.А. Особенности мясной продуктивности французского скота в условиях Северного Зауралья // Аграрный вестник Урала. – 2009.
6. Белооков А. А., Горелик О. В., Белоокова О. В. Способ повышения продуктивности молодняка крупного рогатого скота.
7. И.Ф. Горлов, А.Н. Сивко, О.А. Суторма, Д.А. Ранделин // Качественные показатели мяса подопытных бычков казахской белоголовой породы разных генотипов [Текст]/ Известия Нижневолжского аграрного университетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование. – 2015. – №4 (40).

8. Калинин Г., Долгачев С. Влияние технологии откорма и генотипа бычков на качество мяса // Молочное и мясное скотоводство. – 2000 - №7.
9. Лебедько Е.Я. Мясные породы крупного рогатого скота. — Ростов-на-Дону: Феникс, 2008.
10. Омаркожаұлы Н., Шуркин А.И. Мал шаруашылығы негіздері/Оқулық құрал, 2014
11. Омаркожаұлы Н., Шуркин А.И. Мал шаруашылығы негіздері/Оқулық құрал, 2014, 167 бет.
12. Осянин Д.Н., Дардик В.Б. Оценка эффективности инноваций в мясной отрасли// Мясная индустрия. - 2012. - №5. – С. 12-15.
13. Рогов И.А., Забашта А.Г., Казюлин Г.П. Общая технология мяса и мясопродуктов. - М.: «Колос», 2000.
14. С. Ж. Баубеков, А.У. Тайчибеков «Ет өнімдерін өндіру технологиясы» Оқулық «Эверо» Алматы 2014
15. Төреханов А. Ә., Аманжолов Қ. Ж., Өмірзақов Б. Ө., Ержігітов Е. С.. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін ірі қара малының ет өнімділігі мен экономикалық тиімділігі. // Ғылыми-теориялық және практикалық журнал. Жаршы. 2008 №10
16. Төреханов А.Ә., Каримов Ж.К., Даленов Ш.Д., Найманов Д.К., Жазылбеков Н.Ө. - Ірі қара шаруашылығы: Оқулық/ Алматы: Триумф «Т», 2006 ж.
17. Фомичев П.Ю. /Интенсификация молочного и мясного скотоводства/Сост. Ю.П. Фомичев. – М.: Росагропромиздат, 2000.
18. Чепик, Д.А. Проблемы инновационного развития скотоводства на примере Рязанской области / М.В. Жданов, П.В. Умнов // Труды Кубанского государственного аграрного университета, Выпуск №3 (12), 2008 г.
19. Шекенов Е.Ш., Құржықаев Ж. Мал өнімін өңдеу технологиясы. Астана, 2002.
20. Rivaroli D. C, Guerrero A., Velandia Valero M. Effect of essential oils on meat and fat qualities of crossbred young bulls finished in feedlots [et al.] // Meat Sci. - 2016.
21. Campos-Parra, J. Utilization of organic acids to manipulate ruminal fermentation and improve ruminant productivity / J. Campos-Parra, E. De Pedro-Sanz, D. IturriagaAstorga, R. Astudillo-Neira, I. Basso-Basso, J. Cabas-Monje, M.D. Carro, E.M. Ungerfeld // Rumens Microbiology: From Evolution to Revolution. – 2015.
22. Subrt J. The profile of amino acids in intramuscular protein of bulls of milk and beef commercial types / J. Subrt, S. Krcmar, V. Divis // Czech J. Anim. Sci.-2002.-Vol. 47, N. 1. -P. 21-29.

REFERENCES

1. Amanzholov K.Zh., Kozybakov B.A., Yerzhigitov E.S., Mailybaev M.H. Etti iri kara malsharuashylygynn kalyptasuy, damuy zhane et ondiru technologiyasi (Anattikalyk tolu). - Almaty, 2013.- B. 4.
2. Amerkhanov H. Beef production and ways to increase it in Russia // Dairy and meat cattle breeding. - 2003. - No. 6. - pp. 8-11.
3. Amerkhanov, H.A. Indicators of meat productivity of bulls when assessing their own productivity / H.A. Amerkhanov, V.Y. Khainatsky, F.G. Kayumov // Zootechnia.- 2011.
4. Antipova L.V., Glotova I.A., Rogov I.A. Methods of research of meat and meat products. M.: Kolos, 2001. 376 p.
5. Bakharev A.A., Krinitsyna T.P., Lysenko L.A. Features of meat productivity of French cattle in the conditions of the Northern Trans-Urals // Agrarian Bulletin of the Urals. - 2009.
6. Belookov A. A., Gorelik O. V., Belookova O. V. Method of increasing the productivity of young cattle.
7. I.F. Gorlov, A.N. Sivko, O.A. Sutorma, D.A. Randelin // Qualitative indicators of meat of experimental bulls of the Kazakh white-headed breed of different genotypes [Text]/ Izvestiya Nizhnevolzhsky agrarian University complex: science and higher professional education. – 2015. – №4 (40).
8. Kalinin G., Dolgachev S. The influence of fattening technology and the genotype of bulls on the quality of meat // Dairy and meat cattle breeding. - 2000 - No. 7.
9. Lebedko E. Ya. Meat breeds of cattle. - Rostov-on-Don: Phoenix, 2008.

10. Omarkozhauly N., Shurkin A.I. Mal sharuashylygy negizderi/Okulyk kural 2014
11. Omarkozhauly N., Shurkin A.I. Mal sharuashylygy negizderi/Okulyk kural 2014, 167 bet.
12. Osyanin D.N., Dardik V.B. Evaluation of the effectiveness of innovations in the meat industry // Meat industry. - 2012. - No. 5. - pp. 12-15.
13. Rogov I.A., Zabashta A.G., Kazuyulin G.P. General technology of meat and meat products. - M.: "Kolos", 2000.
14. S. J. Baubekov, A.U. Taychibekov "Et onimderin ondiru tehnologiyasi" Okulyk "Evero" Almaty 2014
15. Torekhanov A. A., Amanzholov K. Zh., Omirzakov B. O., Yerzigitov E. S. Kazakstannyn ontustik-shygys aimagynda osiriletin iri kara malynin et onimdiligi men ekonomikalыk tiimdiligi. \ Gylым- teoriyalыk zhane praktikalыk journal. Jarshy. 2008 №10
16. Torekhanov A.A., Karimov Zh.K., Dalenov Sh.D., Naimanov D.K., Zhazyzbekov N.O. - Iri kara sharuashylygy: Okulyk/ Almaty: Triumph "T", 2006 zh.
13. Nitrogen balance in energy-carbohydrate-fed cows / Nigmatyanov, A. A.; Pleshkov, A., V; Fedoseeva, N. A.; Konovalova, O.A.; Pristach, N.,V; Kosilov, V.I // International scientific and practical conference biotechnology in the agro-industrial complex and sustainable environmental management. 2020 613 doi: 10.1088/1755-1315/613/1/012090
14. Overview of feed granulation technology and technical means for its implementation / Blagov, D. A.; Gizatov, A. Ya; Smakuyev, D.R.; Kosilov, V., I; Pogodaev, V. A.; Tamaev, S.A. // International scientific and practical conference biotechnology in the agro-industrial complex and sustainable environmental management 2020 613 doi: 10.1088/1755-1315/613/1/012018
15. The influence of reproductive functions on productivity of cows of various live weight / Gorelik, O.V., Gorelik, A.S., Galushina, P.S., Kosilov, V.I., Krovikova, A.N. // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. 2021. 848(1),012062
16. The state of polymorphism of genes affecting the meat quality in micropopulations of meat simmentals / Tyulebaev, S.D., Kadyшева, M.D., Kosilov, V.I., Gabidulin, V.M. // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. 2021. 624(1),012045
17. The use of single-nucleotide polymorphism in creating a crossline of meat simmentals / Tyulebaev, S.D., Kadyшева, M.D., Litovchenko, V.G., Kosilov, V.I., Gabidulin, V.M. // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. 2019. 341(1),012188
18. The effect of snp polymorphisms in growth hormone gene on weight and linear growth in crossbred red angus x kalmyk heifers. / Kayumov F.G., Kosilov V.I., Gerasimov N.P., Bykova O.A. // Digital Agriculture - Development Strategy: Proceedings Of The International Scientific And Practical Conference (Ispc 2019) Сеп. "Advances In Intelligent Systems Research"; March 21-22, 2019. Yekaterinburg, Petroleum Chemistry. 2019. № 167. С. 325.
19. Kosilov V I, Mironenko S I, Nikonova E A Influence of the effect of two-three-breed crossing of red steppe cattle with anglers, simmentals and herefords on the growth and development // Bulletin of beef cattle. Molecular Breeding. 2013. № 5(83). С. 47.
20. Kosilov V.I., Mironenko S.I., Nikonova E.A. The weight gain by simmental bull-calves and their two-and three-breed crosses with holstein, german spotted and limousine stud-bulls.// Bulletin of beef cattle. Molecular Breeding. 2012. Т. 2. № 76. С. 44.
21. The genotypic peculiarities of the consumption and the use of nutrients and energy from the fodder by the purebred and crossbred heifers//Kubatbekov T.S., Kosilov V.I., Kaledin A.P., Salaev B.K., Griksyas S.A., Nikonova E.A., Abdulmuslimov A.M., Zhukov D.V.//Journal of Biochemical Technology. 2020. Т. 11. № 4. С. 36-41.

ТҮЙІН

Тұқымды сынау бойынша ғылыми-шаруашылық Тәжірибені жүргізу кезінде туғаннан бастап 18 айлық жасқа дейінгі әртүрлі тұқымды бұқалардың жемшөп пен қоректік заттарды тұтынуы анықталды.

Сүттен басқа барлық жем түрлерін тұтыну бойынша жетекші орынды симментал бұқалары алды. Сонымен, симментал тұқымының бұқалары тұтынылған пішен салмағы бойынша қызыл дала және қазақ ақбас тұқымдарының қатарластарынан тиісінше 192,2 кг (20,33%) және 104,3 кг (15,80%), жүгері сүрлемінен – 288,2 кг (9,89%) және 209,0 кг (6,98%), жасыл массадан – 200,8 кг (6,85%) және 149,9 кг (5,03) асып түсті. Өсіру кезеңінде әртүрлі тұқымды бұқалардың жемді біркелкі тұтынбауы қоректік заттар мен энергияны тұтыну бойынша топтар арасындағы айырмашылықтарды тудырды. Қызыл дала тұқымының бұқалары қоректік заттар мен энергияны аз тұтынумен ерекшеленді. Жас жануарлардың генотипінің оның тірі массасына әсері анықталды. Өсірудің барлық кезеңдерінде симментал тұқымдас бұқалар тірі салмақтың ең жоғары көрсеткіштерімен сипатталды, әсіресе топтар арасындағы айырмашылықтар 18 айлық жасында максималды мәнге жетті, айырмашылық $p < 0.001$ кезінде 27,5-54,8 кг аралығында болды.

Рустенов А. Р., ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-9858-6868>

«М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» АҚ, Н.Назарбаев даңғылы, 162, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы, rustenov_aman@mail.ru

Күрмекеш Ә.Д., магистр, <https://orcid.org/0000-0003-3534-595X>

«М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» АҚ, Н.Назарбаев даңғылы, 162, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы, adok_92_22_12@mail.ru

Букенбаева А.Р., магистрант, <https://orcid.org/0000-0001-7147-3137>

«М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» АҚ, Н.Назарбаев даңғылы, 162, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы, asemok_84@mail.ru

Rustenov A.R. doctor of Agricultural Sciences, professor, the main author, <https://orcid.org/0000-0002-9858-6868>

JSC «West Kazakhstan University named after M. Utemisov», N. Nazarbayev Avenue 162, Uralsk, Republic of Kazakhstan, rustenov_aman@mail.ru

Kurmekesh A.D., master, <https://orcid.org/0000-0003-3534-595X>

JSC «West Kazakhstan University named after M. Utemisov», N. Nazarbayev Avenue 162, Uralsk, Republic of Kazakhstan, adok_92_22_12@mail.ru

Bukenbaeva A.R., undergraduate, <https://orcid.org/0000-0001-7147-3137>

JSC «West Kazakhstan University named after M. Utemisov», N. Nazarbayev Avenue 162, Uralsk, Republic of Kazakhstan, asemok_84@mail.ru

ОРТАОРЫС ТҰҚЫМДЫ БАЛ АРАСЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ DETERMINATION OF BIOLOGICAL AND PRODUCTIVE INDICATORS OF BEES OF THE MIDDLE RUSSIAN BREED

Аннотация

Орал өңіріндегі ортаорыс араларын зерттеулерде, олардың негізгі экстерьерлік көрсеткіштері тексеріліп 3-ші тергиттерінің ұзындығы 6,0-6,5 мм, 3-ші стерниттерініңке 3,0-3,5 мм құрап, таза тұқымдық екендігі анықталынды. Тұқымдық агрессивтілігімен ерекшеленді. Салыстырмалы тексергенде далалық және жертөледегі қыстатуларда далалықтың артықшылығы анықталынды. Ортаорыс тұқымды аналықтары алғашқы жұмыртқалауды сәуір айында, күн жылынғанда бастады. Бұл кездері аралар үшін алғашқы гүлдеуші өсімдіктер гүлдеуей бастады, нектар алуға болатын кезеңдер ашылды. Тұқымдық аналығының тәуліктік жұмыртқалаушылығы жоғары (2182 дана). Ара ұясының балының табиғи тазалығын анықтаудағы көрсеткіштер: диастаза сандары 10,16-14,36 Готе бірлігі, редукцияланған қанттың массалық үлесі 82,48-83,19%, сахарозаның 0,88-0,97% болды. Омарталардан алынған балауыздың иісі табиғи балауыздылық, түстері сары, сындырылғандағы құрылымы майда түйіршекті, біртекті. Ұяның маусымдық балауыздық өнімділігі 738-742 г. Тәжірибиелік омарталарындағы аралардың маусымдық прополистік өнімділігі 43,2-50,2 г, бұл жоғары деңгейлік көрсеткіштер қатарынды. Аралардың көбейушілік-бөлінушілік шығуға ынталылығын анықтауда, ортаорыс тұқымды аралардың биологиялық бөлінушілік қасиеттері біршама тұрақты (21,1-23,8%). Қортынды: Орал өңірінде ортаорыс аралары жоғары өнімділіктерімен ерекшеленді, оларды омарталарда мольнан ұстауға болады.

ANNOTATION

Studies of the main external indicators of the Middle Russian breed of farmed Uralsk showed that the length of 3 tergites was 6.0-6.5 mm, 3 sternites were 3.0-3.5 mm, hence purebred bees. The breed was distinguished by its aggressiveness. Comparative indicators of wintering in the wild and in Omshan people showed the superiority of wintering bees in the wild. Middle Russian females began to lay their first eggs in April, when the sun warmed up. At this time, the first flowering plants for bees

began to bloom, and the stages of obtaining nectar were opened. The daily egg production of queens is high (2182 pcs). Determination of the natural purity of honey of bee colonies: diastase number 10.16-14.36 Gothe units, the mass fraction of reducing sugars was 82.48-83.19%, and sucrose 0.88-0.97%. The quality of beeswax has been investigated and it has been established that the smell is natural waxy, yellow in appearance, fine-grained, homogeneous when broken. The seasonal wax productivity of the bee colony is 43.2-50.2 g, which is a high level indicator. The degree of reproduction and swarming of bees has been determined and it has been established that these indicators are at the level of 21.1-23.8%. Conclusions: Middle Russian bee breeds of the Uralsk are distinguished by high productivity, therefore their number must be increased.

Түйін сөздер: Орал өңірі, ортаорыс арасы, стернит, ара балы, балауыз, прополис, бөлінушілік, өнімділік.

Key words: Uralsk, Middle Russian bees, sternite, wax, propolis, swiftness, products.

Кіріспе. Қазіргі кездердегі еліміздегі шетелдік дәрілердің тым қымбат бағасы, іс жүзінде бұл дәрілерді қарапайым адамдардың пайдалана алмауы, осы дәрілерді алмастыру жолдарын қарастыруға мәжбүрлейді. Осы орайда ара өнімдері, олардың қоспалары, биологиялық жағынан өте құнды және белсенді өнімдері таптырмас алмастырғыштар қатарына жатқызуға болады. Қазақстанда кең тараған ара тұқымдықтарының бірі ортаорыс аралары болып тұр. Бұл аралар кәзіргі кезде солтүстік, шығыс және батыс аймақтарындағы омарталарда өсіріледі. Ортаорыс тұқымының биологиялық және өнімділік ерекшеліктері таралу аймақтарының жағдайларына байланысты өнімділік көрсеткіштерінде құбылмалы болып жатыр [1-8].

Савушкина Л.Н., Бородачев А.В. [9], Шарипов А.Я. [10] ортаорыс тұқымды бал араларының жұмыртқалаушылығы жоғары, сонымен қатар олар өсімдіктерден шірке тамшыларын жинай отырып аралар өз еркінсіз-ақ бір гүлдің тозаңын екінші гүлге апарып өсімдіктерді ұрықтандыратындардың алдыңғы қатарлы тұқымдықтарына жатады. Көптеген ауылшаруашылық дақылдары жеміс-жидектер, бау-бақша өсімдіктері, азықтық дақылдар, май беретін өсімдіктер топтары, бұршақтұқымдастар және басқалары ортаорыс тұқымды бал аралардың қатысуымен ұрықтанып, өнімдерін 25-50% және оданда жоғарыға көбейтеді [11-15]. Ортаорыс тұқымды бал аралары олардан көп өнім алу үшін ұяларына тасымалдайды, былайша айтқанда өсімдіктердің гүлдену кезінде олар егіншілерге өте көптеп септігін тигізіп жатады [16-17], ал егер оларға қыстан шығар алдында ақуыздық қоректік ортаны қосса өнімділіктері жоғарлайды [18].

Ортаорыс тұқымды бал аралары ұрықтандып, өсімдіктердің өнімдік көрсеткіштерінің жоғарылауы, бал араларының жылдық күтімдіктері мен азықтық шығындарын толығымен ақтап отырады. Батыстың далалық аймақтарында араларды негізінен ауылшаруашылық дақылдарды (экспарцет, күнбағыс, бұршақ тұқымдастар) ұрықтандырып қосымша егіндік өнімдерді алуға пайдаланса, Оңтүстік өлкелерде оларды мақта егістеріне, жоңышқа ұрықтарын алуға және табиғи өсімдіктерді ұрықтандырады.

Жұмыстың мақсаты болып Орал өңіріндегі ортаорыс тұқымды бал арасының биологиялық және өнімділік қасиеттерін зерттеу болып саналады. Ортаорыс тұқымын Батыс Қазақстан облысының шеткі елді мекендері, орманы мен шабындығы мол ауылдарда кеңінен таралған.

Зерттеу зерзаты мен әдістемелері. Ізденіс жұмыстары Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданының Рубежка ауылының омарталарында, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан және Жангир хан атындағы Батыс Қазақстан агро-техникалық университеттерінің зертханаларында жүргізілді. Ортаорыс тұқымды бал ара өнімділіктерін анықтау Кривцов Н.И. Гранкин Н.Н. [19], Малков В.В. [20] әдістемелерімен және ТР. ТС 021/2011 техникалық регламент бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талдаулары. Ортаорыс тұқымды бал арасының биологиялық және шаруашылық пайдалы белгілерін анықтау үшін үш омарталар таңдалыныды. Алғашқы зерттеулер ортаорыс тұқымын Батыс Қазақстан облысындағы қыстық мерзімдерге төзімділіктері анықталынды.

Ол үшін екі түрлі жолмен қыстататушы омарта шаруашылықтары таңдалынды: далалық жағдайда және арнайы қазылған жергөледе. Бал араларының сыртта - далалық жағдайда қыстатудың – артықшылығы мен кемшіліктер де бар. Негізгі артықшылықтары – ара ұясының

ішіне әруақытта жеткілікті таза ауаның болуы және күн жылынғанда сыртқа ұшып шығуға мүмкіндіктері. Қыстағы жылы күндері ара дарактарының ұядан ұшып шыққанда артқы ішектегі қалдықтарды сыртқа шығарады, іштерін тазалайды. Кемшіліктері – ара ұясы дұрыс қымтылып, жабылмаса тышқандар кіріп аралармен коректенеді, ұя толығымен жойлып кетуі қауіпі мол.

Зерттеулерге алынған омарталардың бірінде араларды - жертөледе, ал екі омарталарда далада қыстатылды. Далада қыстағандар жыл мерзімінде температура +3+4 °С болғанда аралар ұяларынан сыртқа ұшып шығып іштерін тазаланғандары байқалды. Мұндай қыстатуда ара ағзаларының заттар алмасуларының қарқыны күшейді және де бұл омарта ұяларында жұқпалы аурулар (нозематоз т.с.с.) толығымен болмады. Далаық жағдайда қыстатуда 1-ші омартадағы шығындықтың көлемі 5,26%, 2-омартада 5,88% болса, жертөледегі қыстауда 10,71%, немесе 2 еседей және кейбір ұяларда ауруға шалдыққандары анықталынды. Зерттеулеріміз бойынша далалық жағдайда қыстатудың тиімділігі анық болды. Жертөледегілерде тышқандар ұяға еніп ара кеуделерін жеді, тыныштықтарын бұзды, дарактардың қалдықтары рама үстінде шашылды және ауруларға шалдықты.

Қыстатудың нәтижелерін қортындылай келе, ортаорыс тұқымдығын далада қыстатқан дұрыстығы анықталынды, тұқымдықтың қысқа төзімділігі жоғары екендігі байқалды. Мұны тұқымдықтың тұқымқуалаушылық биологиялық төзімділігі ретінде қарастыруға болады. Батыс Қазақстан аймағындағы оқтын-оқтын қыс кезінде болатын аяздарға (-28-32 °С) шыдамдылығын көрсетті, келесі маусымда тіршіліктерін толығымен қалыпты түрде жалғастырды.

Ортаорыс тұқымының жоғары қыстық аяздарға төзімділігінің ең негізгі себебі, олар ұя ішінде тығыз дұмақталып алатыны байқалды, сондай шардың ішінде көмірқышқыл газының (CO₂) концентрациясының көлемі 3,8-4% дейінге жетіп жатты. Көмірқышқыл газы аралардың тіршіліктік белсенділігін төмендетті, терең тыныштыққа көшіріп жартылай анабиоздық жағдайға ауыстырды. Осының арқасында ұядағы араларға арналған қыстық азық қоры үнемделінді. Мұндай терең қыймылсызға жақын тіршіліктіктерде зат алмасу процесстері төменгі деңгейде өтеді, бақылау ұясын ашқанда сасық (CO₂) иіс қатты сезілді.

Орал өңірінеде тарала бастаған ортаорыс арасының экстерьлік көрсеткіштері өлшенілді. Аралардың түстері қаралау, біраз сарғыштығы анық көрінеді, ұзын жүнді (4,5-5,0 мм) болып келді. Зерттеуге алынған омартадағы аралардың 3-ші тергиттерінің ұзындығы 6,0-6,5 мм, 3-ші стерниттерінің ұзындығы 3,0-3,5 мм құрады, яғни бұл аралар таза ортаорыс тұқымдықтары.

Зерттеуде ортаорыс тұқымды ара ұясының аналығының жұмыртқалаушылық көрсеткіштері анықталынды. Ортаорыс тұқымды аналықтары алғашқы жұмыртқалауды сәуір айында, күн жылынғанда бастады. Бұл кездері аралар үшін алғашқы гүлдеуші өсімдіктер гүлдеуей бастады, нектар алуға болатын кезеңдер ашылды. Аналықтың ең жоғарғы, қарқынды жұмыртқалауы маусым айында (2182 дана) болды (1-ші кесте). Бұл кездері шабындықтардағы энтомофильділер, бау-бақша ағаштары және басқада өсімдіктердің жаппай гүлдеу кезеңдері, сондықтанда мамырда ортаорыс тұқымды аралардың жұмысшы дарактары жаппай нектар жыйнауға кірісіп кетті. Шілде және тамыз айларындағы ара аналығының (1860-1931 дана) қарқынды жұмыртқалауы жалғасты. Аналықтың жұмыртқалаушылығының төмендеуі қыркүйек айынан (1599 дана) басталып, қазан айымен аяқталды.

Кесте 1 – Орал аймағындағы ортаорыс тұқымды ара аналығының жұмыртқалаушылық көрсеткіштері мен оның өзгергіштігі

Жыл айлары	Тәуліктік жұмыртқалаушылығы, M±m			Орташа, (n=64)	Cv
	1-омарта, (n=19)	2-омарта, (n=17)	3-омарта, (n=28)		
Сәуір	948±12,6	973±14,29	1012±15,23	977±14,92	12,35
Мамыр	2034±9,78	2014±10,63	2210±12,31	2086±13,12	10,32
Маусым	2153±11,36	2185±11,54	2208±10,34	2182±13,81	9,37
Шілде	1856±12,24	1914±14,22	1953±11,27	1907±14,64	8,46
Тамыз	1805±15,21	1845±10,62	1931±17,29	1860±13,71	7,45
Қыркүйек	1547±10,33	1605±11,37	1645±16,31	1599±15,33	9,35
Қазан	849±10,32	905±11,34	1057±13,24	937±15,24	10,71

Маусым айында шабындықтардағы, егістердегі энтомофильді өсімдіктердің нағыз гүлдеу кезеңдері, аралар үшін нектар жыйнайтын кезеңдер. Байқалғаны неғұрлым ұяда гүл шырыны мен тозаңы мол болса, соғұрлым орта орыс аналығының жұмыртқалаушы-лығы жоғарылайды, яғни оң байланыс, керісінше өсімдіктердің гүлдеуі немесе жемістердің пісулері азайғанда бұл көрсеткіштер төмендейді, яғни теріс байланыс болып тұрады.

Зерттеу омарталарында ортаорыс тұқымдығының нектар жыйнауы орташа айлық көрсеткіштері 16,91-19,67 кг болды, нектардың ең жоғарғы көлемі маусым айында (19,67 кг) байқалса, төменгі жыйнауы тамызда (16,91 кг) болды (2-ші кесте). Негізінен ортаорыс тұқымы ауа райының құбылмалы жағдайына жақсы бейімделген, сондықтанда бақылау айларындағы ауа райының өзгерулері әсерін өнімділіктеріне тигізбеді, яғни тұқымдықты Батыс өңірінің басқа аймақтарын таратуға болады.

Нектер мен гүл тозаңын жыйнауы бір-бірімен байланысты, ара нектар жыйнағанда оларды аяқтарындағы қапшықтарына тозаңдарда түседі. Бақылау омарталарында төрт айдағы гүл тозаңының жыйнауы 348,8-1004,2 аралығында болса, ең мол тозаңның жыйналуы тамыз айында (1004,2 г), тұра сол сыяқты нектардың да мол көлемі осы айда (21,79 кг) болып тұр. Міне тікелей нектер - тозаң байланыстылығының дәлелдемесі. Жалпы нектар төрт айдағы жыйналған нектердың көлемі 76,01 кг, ал гүл тозаңын көлемі 2,399 кг құрады, бұл өте жақсы көрсеткіштер қатарына кіреді.

Кесте 2 – Орал аймағындағы ортаорыс тұқымды аралардың нектар мен гүл тозаңын жыйнаушылық қасиеттері

Аралардың өнім жинаушылығы	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
Нектар жинауы, кг	17,64±0,62	19,67±0,53	21,79±0,78	16,91±0,52
Аяқтарынан қағылып түскен гүл тозаңы, г	417,2±3,81	629,6±8,34	1004,2±4,45	348,8±3,53

Бір ара ұясына шаққанда нектарлардан өңделіп шығарылған маусымдық орташа ара балының көлемі 51,42 кг құрады. Батыс аймағында аралардың қыстық коректік қорына орташа 20 кг қалдырылады, сонда әр ұядан товарлы ара балының көлемі 31,42 кг құрап тұр, бұл Орал аймағы үшін өте жоғарғы көрсеткіш болып саналады.

Жинақталған ара балының орташа сынамасы алынып, олардың физикалық-биохимиялық көрсеткіштері анықталынды (3-ші кесте).

Кесте 3 – Орал аймағындағы омарталарынан ортаорыс тұқымдық балының сапалық көрсеткіштері

Негізгі сапалық көрсеткіш	1-омарта, (n=19)	2-омарта, (n=17)	3-омарта, (n=28)	ҚР үкіметінің қаулысы (30.01.2017, №29)
1 ұяның маусымда жыйнаған бал көлемі, кг	51,45	50,65	52,15	-
1 ұядан алынған товарлы бал, кг	36,45	35,65	37,15	-
Судың массалық үлесі, %	16,45±0,82	16,37±0,49	17,09±0,87	21,0
Диастаза саны, Готе бірлігі	14,25±0,94	10,16±0,93	14,36±0,87	7,0
Қышқылдығы, см ³ , (жоғары емес)	1,8	1,6	1,9	4,0
Редукцияланған қанттың массалық үлесі, %	83,35±5,46	83,19±4,63	82,48±3,69	82,0
Сахарозаның массалық үлесі, %	0,97	0,88	0,93	6,0

Зерттеулеріміз бойынша ара балындағы судың массалық үлесі 21% төмен болды, ол анықталушы ара балының толық пісіп-жетілгендегін көрсетеді. Ара балы табиғи тазалығын көретуші оның диастазалық көрсеткіші болып саналады. Ортаорыс тұқымының диастазалық

көрсеткіші саны (10,16-14,36 Готе бірлігі) аралығында болып, оның табиғи тазалығын растады. Сынамадаға ара балындағы редуцияланған қанттың массалық үлесі 82,48-83,19% болса, сахарозаның массалық үлестерінен 0,88-0,97% болып шықты, Алынған диастазалық саны, редуцияланған қанттың және сахарозаның массалық үлестері бойынша мемлекеттік талаптарға (ТР. ТС 021/2011) толығымен сәйкес болып шықты.

Көрсетілген талап бойынша диастазалық санының 10 бірліктен жоғарғысы, биологиялық және экологиялық тұрғыдан қауіпсіздер қатарына кіреді, яғни бірден тұтынуға жарамды деп саналады. Ал одан төменгілері көбінде түрлі аспаздық қажеттіліктерге жұмсалады. Ортаорыс ара балының жоғарғы диастазалық сандарын болуы таза өсімдіктердің гүлдерінен жиналған жағдайдарда болады, яғни зерттеу аймағында таза, ластанбаған фауналардың өсетіндігінің куәсі ретінде қарастыруға болады.

Анықталынған ара балының қышқылдық көрсеткіші 1,6-1,9 см³ аралығында, бұл көрсеткіште жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес екендігі расталынды. Жалпы ара балының сапалық көрсеткіштері ҚР үкіметінің қаулысымен (30.01.2017, №29) толығымен сәйкес және жоғарғы мәнділіктерге ие. Зерттелуші омарталарының балы тез арада ашымайды, ұзақ мерзімдерге дейін сақтауға болады.

Сонымен ортаорыс тұқымдығынан алынған ара балының сапалық қортындылай келе Орал омарталарындағы ортаорыс ара өнімдері барлық жағынан қойылған талаптарды қанағаттандырады.

Ортаорыс тұқымды араларынан алынған балауыздарының түстері ақ, ақшыл сары, қара қоңыр, немесе қаралау түсті болып келеді береді. Негізінен балауыздың түстері көбінде жыйнақталған шикізаттардың сапасына, жынақтау мерзімдеріне және жұмысшы аралардың сілекейлерімен өңдеуі қарқындылығына байланысты болып келеді.

Зерттелуші омарталардағы балауыздың иісітері табиғи балауыздылық, түстері сары және кейде қаралау, сындырылғандағы құрылымының көрінісінде майда түйіршекті немесе біртектілігі байқалды. Бір ұяның маусымдық балауыздық өнімділігі 738-742 г құрады, ал кәрездің жалпы құрамының 66,4-66,8% балауыздың үлесіне тиді (4-ші кесте).

Зерттеулерге алынған ортаорыс тұқымдығының балауыздық өнімділігі мен оның сапалық көрсеткіштері нормативтік көрсеткіштерге сәйкес, олар сапалы өнімдер қатарында. Омарталардағы ортаорыс тұқымдығының балауыздық өнімділігінің көрсеткіштерінің өзгергіштігі 0,97-4,37% аралығында.

Кесте 4 – Рубежка омарталарынан ортаорыс тұқымдығының балауыздық өнімділігі мен оның сапалық көрсеткіштері мен оның өзгергіштігі

Көрсеткіштер	1-омарта, (n=19)	2-омарта, (n=17)	3-омарта, (n=28)	Cv, %
Балауыздың түсі	ақшыл	ақшыл	ақшыл-сары	
Балауызға қалыптылық рамадағы кәрездерді құрастыру, дана	4,52	4,53	4,61	4,37
Бір кәрездің орташа салмағы, г	248	249	248	1,27
Кәрездегі балауыздың мөлшері, %	66,7	66,8	66,4	0,97
Кәрездегі балауыздың таза салмағы, г	164,7	166,1	163,4	2,16
Балауызға қалыптылық массасы, г	81,3	81,4	81,4	3,19
Бір ұяның маусымдық балауыздық өнімділігі, г	739	742	738	3,92

Сонымен зерттелінген омарталардан алынған ортаорыс тұқымының балауыздық өнімділігі мен оның сапалық көрсеткіштерін бойынша мыналарды атап өтуге болады: балауыздың түстері табиғи балауыздылық, сындырылғандағы құрылымының көріністерінің бірегейлігі.

Кесте 5 – Омарталардағы ортаорыс тұқымды аралардың прополистік өнімділігі мен оның сапалық көрсеткіштері мен оның өзгергіштігі

Көрсеткіштер	1-омарта, (n=19)	2-омарта, (n=17)	3-омарта, (n=28)	Cv, %
Прополистің түсі	қара	қаралау	қарақоңыр	-
Мамыр айында жиналған көлемі, г	7,6	7,8	9,1	2,84
Маусымда жиналған көлемі, г	17,3	19,4	18,3	3,91
Шілдеде жиналған көлемі, г	10,5	11,4	14,6	6,12
Тамызда жиналған көлемі, г	8,6	4,9	8,2	5,67
Жалпы 1 ұядан алынған прополис көлемі, г	44,0	43,5	50,2	6,48

Зерттеуге алынған омарталарындағы ортаорыс тұқымды аралардың прополистік өнімділігі мен өзгергіштігі анықталынды. Алынған мәліметтер 5-ші кесте келтірілген.

Омарталардағы ортаорыс тұқымды аралардың маусымдық прополистік бір ұядан алынған өнімділігі 43,5-50,2 г құрады, ал оның өзгергіштігі 6,48%. Прополистің ең көп жиналған көлемі барлық омарталар бойынша маусым айында (17,3-19,4 г) байқалды. Майсым айында далалық өсімдіктердің массалық гүлдеу шағы, аралардың көп ұшатын кездері, шырын мен гүл тозаңы жыйналатын уақыт. Сонымен қатар ара ұясына да түрлі бөгде құрылымдардың, бактериялардың енетін мерзімі, олар дер кезінде заласыздандыру қажет, сондықтан да прополистің көлемі жоғары бұл бірінші себебі деуге болады.

Жоғарғы прополистік өнімділіктің екінші себебі, барлық омарталар жаз айларында көшіп-қонып, жаңа орындарға барып ауылшаруашылық немесе далалық өсімдіктердің жаңа орындарына барады. Көшпелі кезеңдерде ара ұяларында жарықшалар мен тесікшелер көбірек пайда болады, оларды дер кезінде жөндеу үшін аралар прополиситі көпбірек бөліп шығарады. Жалпы ортаорыс тұқымды аралардың маусымдық прополистік өнімділік көрсеткіштері жоғарғы.

Жаңа орындарға көшу-қону барысында өсімдіктердің басқада түрлері арқылы бал араларының барлық өнімділіктері жоғарлайды. Рубежка омарташылар алымдық маусымда 3-5 рет орындарын ауыстырады, осының арқасында ара өнімділіктерін арттырады, сапасын жоғарлатады, пайдалы кезеңдерді жібермейді. Бүгінде ара өнімдері биологиялық тұрғыдан ауыстырылмайтын өнімдер қатарында, экономикалық тұрғыдан пайдалы болып отыр.

Тұқымдықтың табиғи көбейушілік-бөлінушілігі тұқымқуалаушылық қасиеттерінің бірі болып саналады. Басқа ара тұқымдықтарымен салыстырғанда ортаорыс тұқымды аралары бөлініп шығуға құмарлығы көбірек, бұл жағымсыздау қасиеттерінің бірі. Егер ортаорыс тұқымды араларының ұясында нектар алымы 2 кг жоғарласа, рамалар дер кезінде алмастырылмаса (толғандарды алып, орнына басқа раманы салу), ара дарақтары тездеп жаңа аналықты шығарып бөлінуге дайындалады. Бөлінуші топ жаңа аналықты қоршап ала, оқшауланып ұядан топ болып ұшып шығады. Көбінде бөлінуші топ күн жылы, желсіз кезінде бөлінеді, ұядан ұшып шығып, ұя қасындағы жердегі ағаштарға қонады. Топтың барлаушы дарақтары жаңа ұяға орын іздейді, егер тапса билер мен дыбыстар арқылы көрсетеді. Осыдан соң бөлінуші топ жаңа аналықты қоршап алып, жаңа ұяға қонып, аналықты ұя ішіне кіргізіп, жаңа ұялық тіршіліктік өмірін бастайды. Ортаорыс тұқымды аралары көбейушілік-бөлінуге икемді тұқымдық. Тұқымдықпен айналысатын омарталарда бір маусымда 10 – 50% дейін бөлініп шыққандары байқалынған.

Алынған нәтижелері бойынша тәжірибелік омарталарда ортаорыс тұқымды аралардың бөлінушілік қасиеттері біршама тұрақты деңгейде (21,1-23,8%) екендігі байқалады (9-ші кесте). Бұл тұқымдық үшін қалыпты көрсеткіш қатарына жатады. Егер көрсеткіштер жоғарласа (40-50%) және жыл сайын жүйелі қайталанса, омарталарда селекциялық жұмыстардың жүруін қиындатады, жалпы ара өнімділіктерінің көрсеткіштерін төмендетеді.

Ортаорыс араларының бөлініп кетулерін тұқымдықпен айналысатын барлық аймақтарда байқалады. Мәселен, Кривцов Н.И [2], Гранкин Н.Н. [3], Шунк А.А. [8]

мәліметтерінде түрлі Ресей аймақтарының омарталарында ортаорыс арасының бөлініп шығу көрсеткіштері 35-45% аралығында болған.

Қорытынды. Орал өңіріндегі ортаорыс тұқымды бал арасының биологиялық және шаруашылыққа пайдалы белгілерін толығымен сақтаған, олардан алынған өнімдердің сапасы жоғары болып шықты. Аналықтың ең жоғарғы, қарқынды жұмыртқалауы маусым айында (2182 дана), ал ең мол тозаңның жыйналуы тамыз айында (1004,2 г) және нектардың да мол көлемі осы айда (21,79 кг) болатыны анықталды. Бір ұяның маусымдық балауыздық өнімділігі 738-742 г, ал сол сыяқты прополистік өнімділігі 43,5-50,2 г болып шықты. Егер ортаорыс тұқымды араларының ұясында нектар алымы 2 кг жоғарласа, рамалар дер кезінде алмастырылмаса ара дарақтары тездеп жаңа аналықты шығарып бөлінуге дайындалатыны анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кривцов Н.И. Среднерусская пчела (*Apis mellifera mellifera* L.) - основная порода России//Сб. научных трудов по пчеловодству / Орловский государственный аграрный университет. Орел. - 2001. -Вып. 6. - С. 6-11.
2. Комлацкий В. И. Роль пчеловодства в обеспечении продовольственной безопасности страны. Перспективы развития пчеловодства в условиях индустриализации АПК. Краснодар КубГАУ 2020. С. 4-12.
3. Анахина Е.А., Маннапов А.Г. Состояние и проблемы использования пород пчел в Орловской области // Пчеловодство. 2019. № 3. -С. 16-18.
4. Бородачев А.В., Савушкина Л.Н., Бородачев В.А. Биологические параметры особей пчелиных семей пород и типов, разводимых в России // Пчеловодство.-2016.-№ 2.-С. 8-11.
5. Пушкарев Н.Н., Япырынцева Г.А., Пушкарев Д.Н., Алибаев Р.З. Биологические и продуктивные особенности карпатской и среднерусской Пород пчел. Вестник Алтайского государственного аграрного университета.№4 (162), 2018 С. 135-139
6. Земскова Н.Е., Саттаров В.Н., Туктаров В.Р., Бородачев А.В. Морфометрический анализ пчел *Apis mellifera* лесостепной зоны Самарской области. //Пчеловодство.-2016.-№ 7. -С. 15-17.
7. Мамонтова Ю.А., Московская Н.Д., Храпова С.Н. Биоморфология хоботка пород пчел и их биоресурсная оценка // Морфология. -2019. -Т. 155. -№ 2. -С.185-186.
8. Маннапов А.Г., Фархутдинов Р.Г., Хисамов Р.Р., Онучин М.С. Оценка медоносных ресурсов широколиственных лесов Уфимского плато Республики Башкортостан //Пчеловодство. – 2020. - №2.- С. 28-30.
9. Савушкина Л.Н., Бородачев А.В. Яйценоскость пчелиных маток, разводимых в России //Пчеловодство.-2018.-№ 10.-С.26-27.
10. Шарипов А.Я. Исследования хронометража полетов пчелиной матки // Вестник Башкирского государственного аграрного университета. ФГБОУ ВПО БГАУ: Уфа. - 2015. - № 1 (33). - С. 72-73.
11. Скворцов А.И., Саттаров В.Н., Семенов В.Г., Фадеев А.А. Морфометрические исследования рабочих особей медоносных пчел в Чувашской Республике. *Аграрная наука Евро-Северо-Востока*. 2018;64(3):81-86.
12. Чекрыга Г. П., Плахова А.А. Сбор нектара медоносными пчелами в зоне северной лесостепи (Привасюганье) // Вестник НГАУ. - 2017. - № 1 (42). - С. 201-206.
13. Kashkovskii V.G., Plakhova A.A., Moruzi I.V., Smirnov P.N., Kuznetsov A.N. A Biological Method of Ecological Assessment of Large Areas // Journal of Pharmaceutical Sciences and Research. - 2017. - Vol. 9, Issue 12. - pp. 2533-2538.
14. Kashkovskii V.G., Plakhova A.A., Moruzi I.V., Tokarev V.S., Kropachev D.V. Ecology and Biological Resources of Melliferous Plants in the Vasyugan Plain and their Importance for the Arctic Belt // International Journal of Engineering and Technology. – 2018. – Vol. 7, No 4.38 – pp. 235-238.
15. Chekryga G.P., Plakhova A.A. The study of phytocenoses nectar-pyranoses focus areas the Northern forest-steppe of Novosibirsk region // General question of world science. Collection of

scientific papers, on materials of the international scientific-practical conference March 31. 2017. Part 1/ Brussei: «LJournal», 2017 – pp. 16-21.

16. Rustenov A., Choinvaeba K., Eleuqalieva N. Improving Reproductive Qualities of Pigs Using the Drone Brood Homogenate Biology and Medicine. ISSN 0974-8369 BLM. 2015.7:2-pp.1-3

17. Чекрыга Г.П., Плахова А.А. Пыльцевой анализ медов юга Западной Сибири// Сибирский вестник сельскохозяйственной науки. -2016. - № 6. - С. 104-110.

18. Шойынбаева К, Рустенов А., Омirezак Т., Бигара Т. Исследование влияния углеводно-белковых подкормок для стимулирования *Apis mellifera*. Известия АН Казахстан Серия биологическая наука и медицинская. Алматы. №2, 2017.-С.194-200

19. Кривцов Н.И. Гранкин Н.Н. Среднерусские пчелы и их селекция. Рыбное: НИИП. - 2004.- 140 с.

20. Малков В.В. Племенная работа на пасеке. -М.1985. -176 с.

REFERENCES

1. Krivcov N.I. Srednerusskaja pchela (*Apis mellifera mellifera* L.) - osnovnaja poroda Rossii // Sb. nauchnyh trudov po pchelovodstvu / Orlovskij gosudarstvennyj agrarnyj universitet. Orel. - 2001. -Vyp. 6. - S. 6-11.

2. Komlackij V. I. Rol' pchelovodstva v obespechenii prodovol'stvennoj bezopasnosti strany. Perspektivy razvitiya pchelovodstva v uslovijah industrializacii APK. Krasnodar KubGAU 2020. S. 4-12.

3. Anahina E.A., Mannapov A.G. Sostojanie i problemy ispol'zovanija porod pchel v Orlovskoj oblasti // Pchelovodstvo. 2019. № 3. -S. 16-18.

4. Borodachev A.V., Savushkina L.N., Borodachev V.A. Biologicheskie parametry osobej pchelinyh semej porod i tipov, razvodimyh v Rossii // Pchelovodstvo.-2016.-№ 2.-S. 8-11.

5. Pushkarev N.N., Japyrinceva G.A., Pushkarev D.N., Alibaev R.Z. Biologicheskie i produktivnye osobennosti karpatskoj i srednerusskoj Porod pchel. Vestnik Altajskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. №4 (162), 2018 S. 135-139

6. Zemskova N.E., Sattarov V.N., Tuktarov V.R., Borodachev A.V. Morfometricheskij analiz pchel *Apis mellifera* lesostepnoj zony Samarskoj oblasti. //Pchelovodstvo.- 2016.- № 7. -S. 15-17.

7. Mamontova Ju.A., Moskovskaja N.D., Hrapova S.N. Biomorfologija hobotka porod pchel i ih bioresursnaja ocenka // Morfologija. -2019. -T. 155. -№ 2. -S.185-186.

8. Mannapov A.G., Farhutdinov R.G., Hisamov R.R., Onuchin M.S. Ocenka medonosnyh resursov shirokolistvennyh lesov Ufimskogo plato Respubliki Bashkortostan//Pchelovodstvo. – 2020. - №2.- S. 28-30.

9. Savushkina L.N., Borodachev A.V. Jajcenoskost' pchelinyh matok, razvodimyh v Rossii //Pchelovodstvo.-2018.-№ 10.-S.26-27.

10. Sharipov A.Ja. Issledovanija hronometrazha poletov pchelinoj matki//Vestnik Bashkirskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. FGBOU VPO BGAU: Ufa. - 2015. - № 1 (33). - S. 72-73.

11. Skvorcov A.I., Sattarov V.N., Semenov V.G., Fadeev A.A. Morfometricheskie issledovanija rabochih osobej medonosnyh pchel v Chuvashskoj Respublike. Agrarnaja nauka Evro-Severo-Vostoka. 2018;64(3):81-86.

12. Chekryga G. P., Plahova A.A. Sbor nektara medonosnymi pchjolami v zone severnoj lesostepi (Privasjungan'e) // Vestnik NGAU. - 2017. - № 1 (42). - S. 201-206.

13. Chekryga G.P., Plahova A.A. Pyl'cevoj analiz medov juga Zapadnoj Sibiri//Sibirskij vestnik sel'skohozjajstvennoj nauki. -2016. - № 6. - S. 104-110.

14. Shojynbaeva K, Rustenov A., Omirezак Т., Bigara Т. Исследование влияния углеводно-белковых подкормок для стимулирования *Apis mellifera*. Известия АН Казахстан Серия биологическая наука и медицинская. Алматы. №2, 2017.-С.194-200

15. Krivcov N.I. Grankin H.H. Srednerusskie pchjoly i ih selekcija. Rybnoe: NIIP.- 2004. - 140s

16. Malkov V.V. Plemennaja rabota na paseke. -M.1985.-176 s.

РЕЗЮМЕ

Исследование основных экстерьерных показателей среднерусской породы разводимых Приуралья показали, что длина 3-их тергиттов составила 6,0-6,5 мм, 3-их стернитов 3,0-3,5 мм, следовательно чистопородные пчелы. Порода отличилась агрессивностей. Сравнительные показатели зимовки на воле и омшаниках показали превосходство зимовки пчел на воле. Суточные яйценоскость маток высокая (2182 шт). Определение естественной чистоты меда пчелинных семей : диастазное число 10,16-14,36 единицы Готе, массовая доля редуцирующих сахаров составила 82,48-83,19 % , а сахарозы 0,88-0,97% . Исследованны качество пчелинного воска и установлены, что запах естественная восковая, по виду желтые, при разломе мелкозернистые, однородные.Сезонная восковая продуктивность пчелинной семьи составляет 43,2-50,2 г, это индекаторы высокого уровня. Определены степень размножения и ройливости пчел и установлены, что эти показатели находится на уровне 21,1-23,8%. Таким образом среднерусские породы пчел Приуралья отличаются высокой продуктивностью, следовательно их количество необходимо увеличивать.

**БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ӨНЕРКӘСІПТІК БАЛЫҚ АУЛАУ,
АҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

УДК 639.2.3

МРНТИ 69.25.01, 69.25.14

DOI 10.52578/2305-9397-2022-1-2-140-147

Амирбекова Фариза Талгатовна, докторант, ғылыми қызметкер, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-7216-4464>

«Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті» КеАҚ, Алматы қ., Абай даңғылы 8, 050010
«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, 89 «А», 050016, Қазақстан faryz-91@mail.ru

Исбеков Куаныш Байболатович, биология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, бас директор <https://orcid.org/0000-0002-8197-117X>

«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, 89 «А», 050016, Қазақстан isbekov@mail.ru

Шарипова Ольга Александровна, лаборатория меңгерушісі, <https://orcid.org/0000-0003-1807-6049>

«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, Балқаш бөлімі, Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, 89 «А», 050016, Қазақстан oskar1969@mail.ru

Нургазы Куат Шайполлаевич, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, <https://orcid.org/0000-0002-3153-3083>

«Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті» КеАҚ, Алматы қ., Абай даңғылы, 8, 050010, Қазақстан nurgazy_k@bk.ru

Amirbekova Fariza Talgatovna, Doctoral, research associate, the main author, <https://orcid.org/0000-0002-7216-4464>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Abai avenue 8, Almaty, 050010
LLP «Fisheries Research and Production Center», Almaty, Suyunbai Avenue 89 «A» 050016, Kazakhstan faryz-91@mail.ru

Isbekov Kuanysh Baibulatovich, Doctor of biological sciences, associate professor, Director general <https://orcid.org/0000-0002-8197-117X>

LLP «Fisheries Research and Production Center», Almaty, Suyunbai Avenue 89 «A», 050016, Kazakhstan isbekov@mail.ru

Sharipova Olga Alexandrovna, Head of laboratory <https://orcid.org/0000-0003-1807-6049>

LLP «Fisheries Research and Production Center» Balkhash branch, Almaty, Suyunbai Avenue 89 «A» 050016, Kazakhstan oskar1969@mail.ru

Nurgazy Kuat Shaipollaevich, Doctor of agricultural sciences, professor, <https://orcid.org/0000-0002-3153-3083>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Abai avenue 8, Almaty, 050010, Kazakhstan nurgazy_k@bk.ru

**ТҰЙЫҚ ЖҮЙЕЛІ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ҚОНДЫРҒЫЛАРДА БАЛҚАШ
ҚАРА БАЛЫҒЫНЫҢ *SCHIZOTHORAX ARGENTATUS* ЭМБРИОНАЛЬДІ ДАМУ
КЕЗЕҢІ**

**EMBRYONIC PERIOD OF DEVELOPMENT OF THE BALKHASH MARINKA
SCHIZOTHORAX ARGENTATUS IN CONDITIONS OF RECIRCULATION
AQUACULTURE SYSTEM**

Аннотация

Қазіргі уақытта балқаш қара балығының *Schizothorax argentatus* (Kessler) популяциясының саны күрт азайған. Кәсіптік маңыздылығын жоғалтқан түр. Осыған байланысты Халықаралық табиғатты қорғау одағының (IUCN) қауіпті түрлерінің Қызыл кітабына енгізілген балқаш қара балығы «осал» (VU) санатты эндемик түр болып табылады.

Балқаш қара балығын сақтап қалудың бірден-бір жолы жасанды ұдайы өндіру (өсімін молайту) жұмыстарын жүргізу. Өсіру кезінде даму сатысын зерттеу керек. Бұл түрдің эмбриональды дамуын зерттеудің практикалық маңызы жоғары.

Эмбриологиялық дамудың негізгі кезеңдерін және олардың өсу жылдамдығын зерттеу балқаш қара балығын жасанды өсіру жұмыстарын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Зерттеу үшін балқаш қара балығының аналық және аталық особьтары алынды. Аталық особьтардың жасы 6-дан 9 жас аралықтарында, ал салмағы 245-тен 982 г –ға дейін, аналық особьтардың жасы 8-ден 11 жас, ал салмағы 840-тан 1725 г-ға дейінгі аралықтарда алынды. Қара балықтың аналықтарының тұқымдылығы жасына және ұзындықтарына байланысты 11880-61550 дана.

Балқаш қара балығының эмбриональді дамуы 8 кезеңнен және постэмбриональді дамуы 4 кезеңнен тұрды. Даму кезеңдері жалпы тұқы балықтарына сәйкес келеді.

ANNOTATION

Currently, the population of the Balkhash marinka *Schizothorax argentatus* has critically decreased. Lost its commercial significance. In this regard, the Balkhash marinka listed in the Red List of Threatened Species of the International Union for Conservation of Nature (IUCN) as vulnerable (VU) is an endemic species. The only way to preserve this species is to carry out artificial reproduction. When growing, it is necessary to study the stage of development. The study of the embryonic development of this species is of great practical importance.

The study of the main stages of embryogenesis and the rate of their growth will optimize the work on artificial reproduction of the Balkhash marinka. Female and male producers were taken for research. The age of males ranged from 6 to 9 years, the weight from 245 to 982, and the age indicators of females from 8 to 11 years, the mass of individuals ranged from 840 to 1725. Fertility depends on the age and size indicators of females, the value for marinka is in the range of 11880-61550 pcs.

The embryonic development of the Balkhash marinka consisted of 8 stages and postembryonic development of 4 stages. In general, the stages of development correspond to the periods characteristic of cyprinid fish.

Түйін сөздер: Балқаш қара балығы, жасанды ұдайы өндіру, эмбриональді даму, постэмбриональді дамуы, эндемик, уылдырық, сирек, түр, кезең.

Key word: Balkhash marinka, artificial reproduction, embryonic development, postembryonic development, endemic, spawn, rare, species, stage.

Кіріспе. Балқаш бассейні соңғы онжылдықта экологиялық жағдайы айтарлықтай нашарлаған Орталық Азияның ірі оазисі болып табылады [1-3]. Балқаш бассейнінің су жүйесі салыстырмалы түрде бұрынғы өткен геологиялық – әртүрлі бағалаулар бойынша бірнеше миллионнан 10 000 жыл бұрын қалыптасқан, сондықтан оның бастапқы ихтиофаунасы Тянь-Шань тау өзендері мен Солтүстік өзендерден енген түрлерден құралған. Бассейнді кейіннен оқшаулау мұнда аз мөлшерде балық түрлерінің тұрақты кешенінің пайда болуына алып келді, олардың кейбіреулері эндемиктік түр [4; 5]. Солардың бірі балқаш – қара балығы. Балқаш қара балығы - тұқылардың ішінде ерекше орын алатын түр. Қара балық-айырқұрсақ *Schothoracinae* – тұқымдас асты, *Schizothorax* қара - балық туысына жатады. Қазақстанда және оған іргелес аймақтарда Берг (1949) бойынша оның 3 түрі тіршілік етеді: кәдімгі қара – балығы – *Schizothorax intermedius* Mc Clelland, іле қара – балығы - *Schizothorax pseudaksaiensis* Herzenstein, балқаш қара – балығы *Schizothorax argentatus* Kessler. Ал, Турдаков Ф.А. бойынша 5 түр: жоғарыда аталған үш түрге қоса ащыкөл және ыстықкөл қара балығы. Белгілі болғандай барлық қара балық түрлерін 2 топқа *intermedius* және *argentatus* деп бөліп қарастырған [6]. Балқаш қара - балығы *Schizothorax argentatus* түр астына бөлінеді: балқаш қара - балығы *Schizothorax argentatus argentatus* Kessler және іле қара - балығы *Schizothorax argentatus pseudaksaiensis* Herzenstein [7,8]. *Schizothorax argentatus* дене пішіні бойынша қаяздарға ұқсайды, олардан өте ұсақ қабыршақтарының және айыршаның болуымен ерекшеленеді. Құрсағы қара болып келеді. Көпшілігінде уылдырық шашу өзендерде, сирек көлдерде тасты грунтта жүреді. Уылдырық аз уақытқа тастарға бекінеді (ұрықтану үшін), бірақ олардан жылдам шайылады және әдетте дамуы тастардың арасында (литофильді) жүреді.

Уылдырықтары өте улы [9-11]. Қара балық қорек талғамайтын түр болып келеді. Негізінен, қара балықтың қоректенуі тіршілік ететін биотоптарға байланысты өзгеріп отырады. Олар жағалауда өсімдік қалдықтарымен және су қоймаларының ашық аймақтарында детритпен (органикалық тұнбамен) қоректенеді [12]. Қазіргі уақытта популяция саны аз және кәсіптік маңыздылығын жоғалтқан Халықаралық табиғатты қорғау одағының (IUCN) қауіпті түрлерінің Қызыл кітабына енгізілген «осал» (VU) санатты эндемик түр болып саналады [13-15]. Іле-Балқаш бассейніндегі балқаш қара балығының популяциясына антропогендік әсер (жерсіндіру жұмыстары, арналарын реттеу және заңсыз аулау салдары), оның популяциясын және оны толық жойылудан сақтап қалуға, тек жасанды жолмен көбейту бойынша мақсатты жұмыстардың көмегімен ғана ғана мүмкін болатынын [16]. Бұл түрді сақтап қалудың бірден-бір жолы жасанды ұдайы өндіру (өсімін молайту) жұмыстарын жүргізу. Олардың эмбриональді дамуының практикалық маңызы жоғары болғандықтан, әрбір даму сатысын, оның ішінде эмбриональді даму биологиясын жете зерттеу маңызды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми зерттеу жұмысы 2019 жылдың мамыр айында «Балық шаруашылығы ғылыми зерттеу орталығы» ЖШС-нің Балқаш бөлімінде құрастырылған тұйық жүйелі балық өсіру қондырғысы жағдайында, Тоқырауын өзенінен ауланған балқаш – қара балықтарына жүргізілді. Зерттеу үшін 8 – 9 жас аралықтарындағы ұзындығы 38 – 39 см 2 аналық, 6-8 жас аралықтарындағы ұзындығы 26-31 см 4 аталық балықтар алынды. Өндірушілер ұрпақ алғанға дейін арнайы бассейндерге отырғызылды. Бассейндегі су температурасы 18,3 – 18,9 °С аралықтарында болды. Өндірушілердің жыныс гонадаларын пісіп жетілуін қарқындету, тұқы балықтарына арналған гипофизорлық инъекция салынды. Овуляцияланған уылдырықтарды құрсағын сипап сығу арқылы алынды. Алынған уылдырықтар арнайы инкубациялық "Вейс" аппаратына салынды. Инкубацияның барлық кезеңінде эмбриональді даму процесін үнемі бақылап отыру қажет, бұл эмбриональді дамудың маңызды кезеңдерін бағалауға және эмбриональді дамудың бұзылуымен уылдырықтың пайызын бақылауға мүмкіндік береді. Уылдырықтардың даму сатысын анықтау үшін, уылдырық алынып, МБС-10 бинокулярдың көмегімен зерттелді.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу (ұрықтандыру, уылдырық алу, уылдырықтардың жетілу кезеңдерін бақылау, анықтау және т.б.) тұқы балықтары үшін жалпы қабылданған әдіс бойынша жүргізілді [17;18].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Эмбриональді кезең дегеніміз - эндогендік қоректенумен сипатталатын және ұрықтанғаннан бастап, сырттан алынған қоректі ассимиляциялау басталғанға дейінгі дамуды қамтитын кезең (аралас қоректенуге көшкенге дейін). Эмбриональді кезеңнің ұзақтығына абиотикалық (температура, газ режимі) және биотикалық (сарыуыз қабығының қорлары, аралас қоректенуге көшу кезінде қорекпен қамтамасыз ету, өндірушілердің биологиялық ерекшеліктері) факторлар әсер етеді [19; 20].

Балқаш қара балығының эмбриональді дамуы тұқы балықтарына [18] ұқсас сегіз кезеңнен тұрады, оның ішінде жеті кезеңі жұмыртқа қабығында, ал сегізінші кезеңі жұмыртқа қабығын жарып шыққаннан кейінгі даму кезеңдеріне сәйкес келеді.

Балқаш қара балығының тіршілік циклінің эмбриональдік жекелеген даму кезеңдері төменде көрсетілген (сурет 1).

Жұмыртқа қабығындағы даму кезеңі.

I даму кезеңі. Уылдырық суға түскеннен кейін алдымен ісінуі басталды, перивителлин қуысы мен бластодиск қалыптасты.

II даму кезеңі. Әрі қарай бластодисктің бөліну кезеңі, екі және одан да көп бластомерге бөлінуі жүрді.

III даму кезеңі. Бластуляция кезеңінде бластомерлердің бөлшектенуі тоқтамайды, бластодерманың сыртқы қабатының клеткалары полигональді болып тығыз орналасады. Перидерманың астында клеткалар бос, олардың арасында қуыстар пайда болады. Осы қуыстар кейін бірігіп бластоцель қуысын құрайды.

IV даму кезеңі. Гастрюляция кезеңі, бластуланың бір тектес бластодерманың екі қабат клеткаларына – ұрық жапырақшаларына бөліну жүреді және шағын сарыуыз тығыны байқалды.

V даму кезеңі. Бұл органогенез кезеңі, басында ұрықтың денесі валик түрінде сарыуыз қапшықтың үстінде орналасқан. Дененің биіктігі, әсіресе алдыңғы бөлігі үлкейген, ұрық


қалқаны, есту плакодалары, көз жанарлары, есту қуысы ұрықтары және купфер көпіршіктері пайда болды.

VI даму кезеңі. Бұл кезең құйрық бөлігінің саруыз қапшығынан бөлінуі. Саруыз қапшығынан құйрық бөлімінің жеке бөлініп шығуы анық байқалды, жүрек, ми бөлімдерінің дамуы, иіс сезу капсуласы және есту көпіршігі пайда болды.

VII даму кезеңі. Бұл эмбриональді қан тамырлар жүйесінің даму кезеңі. Бұл уақытта эмбриондар белсенді қозғала бастады. Жүрек бірінен кейін бірі соғылатын екі бөлімнен – жүрекше мен құлақшадан тұрады. Желбезек аймағында доғалар дамыды.

Жұмыртқа қабығын жарып шыққаннан кейінгі даму кезеңі.

VIII даму кезеңі. Желбезек-жақ аппаратының даму кезеңі. Дернәсілдер ұрық қабығынан шықты және оларды бос эмбриондар деп атайды. Олардың мүшелері әлі де толық дамымаған, бос эмбриондарда саруыз қапшығы тез резорбцияланды және дене пішіні өзгерді. Саруыздың сіңірілуі перибласт және саруыз қапшықтың қан тамырлары арқылы өтеді. Көздері пигменттелген, қара, онда көз торы қалыптасқан, сондай-ақ, дененің басқа мүшелер жүйесінің тез дамуы жүрді. Шығарылған эмбриондардың ұзындығы 6,7-6,9 мм жетті. Денесінде пигмент жоқ.



Сурет 1 – Балқаш қара балығының эмбриондарының даму кезеңдері
(Даму кезеңдері: I – бластодисктің қалыптасуы; II – бөлінуі; III – бластуляция; IV- гастрюляция;
V – органогенез; VI – құйрық бөлігінің саруыздан бөлінуі; VII- қан тамырлар жүйесінің даму кезеңі;
VIII- Желбезек-жақ аппаратының даму кезеңі)

Одан әрі дамудың бірқатар кезеңдерін атап өтуге болатын дернәсілдік кезең басталады.

I дернәсілдік кезең (аралас қоректенуі). Осы этапта дернәсілдер аралас қорекпен қоректене бастады. Дернәсілдің ұзындығы орташа есеппен 8,5 мм. Жүзу қапшықтарының

Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау, аң шаруашылығы

артқы камерасы ауамен толтырылған, денесі түзуленген, тақ жүзбеқанаты көмкерілген, кеуде жүзбеқанаттары едәуір ұлғайған.

II дернәсілдік кезең (сырттай қоректенуі, тақ жүзбеқанаттарының пайда болып жатқандығы бақыланды): дернәсілдер толығымен сырттай қоректенді, желбезек қақпағы желбезек доғаларын толық жауып тұрды, уақытша тамырлы тыныс алу жүйесі редукцияланған. Тақ жүзбе қанаттары пайда бола бастады.

III дернәсілдік кезең (тақ қанаттарындағы сәулелердің дамуы): алдымен құйрық, содан кейін арқа және аналь қанаттарының сәулелері дамиды. Құрсақ қанатының қалыптасатын ойық пайда болады.

IV дернәсілдік кезең (жұп қанаттарының сәулелерінің дамуы): арқа және аналь қанаттары артқы жағынан толығымен бөлінді, құрсақ қанаттарының сәулелері қалыптасты, аналь қанатына дейін қатпардың азаюы жүрді (2 - сурет).



Сурет 2 – Жасанды жолмен ұрықтану кезіндегі балқаш қара балығының шабақтары

Жүргізілген зерттеу жұмыстары ертеректе жүргізілген ғалымдардың еңбектерімен 1–кестеде салыстырылды. Балқаш қара балығының эмбриональді және дернәсілдік дамуын зерттеу нәтижесінде әдебиет көздерімен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтар, ауытқулар байқалмады.

Кесте 1 – Балқаш қара балығының эмбриональді және дернәсілдік дамуы

Эмбриональді және дернәсілдік кезеңдерінің атаулары	Ұрықтанғаннан кейінгі уақыт (сағат: минут)		
	Папов С.А. [1]	Кармилин В.В. [16]	Біздің мәліметтер
1	2	3	4
Температурасы	16,3-17,0 ⁰ С	14,5-17,5 ⁰ С	18,3-18,9 ⁰ С
Бластодиск қалыптастыру	1:40	00:40	00:40
2 бластомер	-	2:50	2 сағат
4 бластомер	-	-	2:30
8 бластомер	-	-	2:50
16 бластомер	4:00	4:00	4:30
Үлкен жасушалық морула	6:00	5:00	5:00
Кіші жасушалық морула	-	18 сағат	15 сағат
Бластула	28-29 сағат	28-30 сағат	26-28 сағат
Гастрюляция	30-31 сағат	30 сағат	31 сағат
Сарыуыз тығынның жабылуы	41 сағат	2 тәулік 18 сағат	2 тәулік 18 сағ
Есту қуысы және купфер көпіршіктерінің пайда болды	2 тәулік	3 тәулік 14 сағат	3 тәулік 2 - 5 сағат
Жүрек, ми бөлімдерінің дамуы, иіс сезу капсуласы, есту көпіршігі пайда болды	3 тәулік 2 сағат	3 тәулік 22 сағат	3 тәулік 22 сағат
Эмбрионның тербелмелі қозғалысы, эмбрионның айналмалы қозғалысы	3 тәулік 7 сағат	4 тәулік	4 тәулік

1	2	3	4
Жұмыртқадан шығуы	5 тәулік	5 тәулік 20 сағат	5 тәулік 20 сағ
Тыныс алу мүшелерінің, құйрық венасы және түтікшенің пайда болуы	6 тәулік	6 тәулік 48 сағат	6 тәулік
Желбезек-жақ аппаратының дамуы	8 тәулік 7 сағат	7 тәулік 15-20 сағат	8 тәулік
Дернәсілдік кезең			
Аралас қоректену. Жүзу қапшықтарының артқы камерасы ауамен толтырылған	9 тәулік 7 сағат	10 тәулік 20 сағат	9 тәулік 9 сағ
Сырттай қоректену. Тақ жүзбе қанаттарының пайда болуы	12 тәулік	11 тәулік	12 тәулік

